



АБАЙ

(ИБРАЙИМ ҚҰНАНБАЕВ)

ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

БІРІНШІ ТОМ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

027983-a

Издательская
штаб-квартира изданная
беззаточная система

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1986

Шығарушылар алқасы:

*Aхметов Зәки, Қаратаев Мұхаметжан, Маратин Мұхтар
(жауапты шығарушы), Мырзалиев Қадыр, Мырзахметов
Мекемтас, Нұргалиев Рымгали*

Көркемдеуші Натым Нұрмұханбетов

A $\frac{4702230100-189}{402(05)-86}$ 53-85 **©** Көркемделуі, «Жазушы», 1986




ӨЛЕНДЕР




1855—1881, 1882—1885




1886, 1887, 1888, 1889



1890, 1891, 1892, 1893



1894, 1895, 1896, 1897



1898, 1899, 1900



1901, 1902, 1903





1855—1881

* * *

Иузи — рәушан, көзі — гәүһар,
Лағилдек бет үші ахмар,¹
Тамағы қардан әм биңтар²
Қашың құдрэт қоли шигә³.
Өзәң гузәлләра⁴ рахбар⁵,
Сәңде ғишиқ болып кәмтар,
Сүлейман, Ямшид, Искандәр
Ала алмас барша мұлкигә.
Мұбада олса⁶ ол бір кәз,
Тамаша қылса йузма-йуз,
Кетіп қуат, йұмылып көз,
Бойың сал-сал бола нигә?

* * *

Фзули, Шэмси, Сэйхали,
Науан, Сағди, Фердауси,
Хожа Хафиз — бу һөммәси
Мәдәт бер шагири⁷ фәрияд⁸.

ӘЛИФБИ ӨЛЕҢІ

Әлиф дек ай йүзіңе гибрат⁹ еттім,
Би — Бала' и¹⁰ дәртіңа нисбет¹¹ еттім.
Ти — Тілімнән шығарып түрлі өбият,¹²
Си — Сәнаи¹³ мәдхіңде¹⁴ хұрмәт еттім.
Жим — Жамалың¹⁵ қандай ақ, рузи¹⁶ маган.
Ха — Халаллық таппадым, жаным, сәнан.
Хи — Халайық, мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл — Дариға ғишиқ оты бермес аман.
Зәл — Зәлиллік¹⁷ көргөн соң сайрай бер, тіл,
Ре — Риза қылмағыңды яр өзің біл.
Зи — Зәһәрдай¹⁸ күйдірді ғишиқың қатты,
Син — Сәләмат қалмағым болды мүшкіл.
Шин — Шикәр ләп¹⁹ есіме түскен сайын,
Сад — Сабырым қалмады, мен не әйләйін.
Зад — Зайығ²⁰ өмірім етті менің бекер,
Тай — Талаптан, әйтеуір құр қалмайын.
Зай — Залым көп қылыш боп, жанға оқталды,
Ғайін — Ғақынды басымнан тартып алды.
Ғайын — Фариблік басыма түскениң соң,
Фи — файдаң тие ме деп жаза салды.
Қаф — Қабыл болар ма екен жазған хатым?
Қаф — Камил²¹ ақылың мол асыл, затым,
Ләм — Ләбіңнен ем қысаң мен дерптіге,
Мим — Мінріңнен қалмас ед бар апатым.
Нүн — Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп,
Уау — Уайлана²² ғишиқың да уайым жеп,
Һи — Һеш пайдаң тимесе, өлді ойлаңыз,
Ләм әлиф — Лә Иллаһа Илла Алла²³ деп,
Я — Ярым, қалай болар жауап сөзің?
Мәт²⁴ — қасың, тәштит — кірпік, сәкіп — көзің.
Үтір мен асты-устілі жазуда бар,
Болуға асты-устілі консещ өзің!

* * *

Кім екен деп келіп өм түйе құған,
Қатын ғой құлдәрімен белін буған.
Тәркінің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды (ұрайын) бірге тұған.

ШӘРІПКЕ

Тұңдікбайдың қатыны атың Шәріп,
Байға жарып көрмеген сен бір көріп.
Сен шыққан жол үстінде жалғыз тұп ши,
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып.

АБРАЛЫГА

Мен жасымнаң көп көрдім
Мұсылманды, кәпірді.
Абралидай көрмедім
Намаз білмес пақырды.
Қираэтін²⁵ оқытып
Көріп едім, шатылды.
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді.²⁶

Намазшамның²⁷ артынан
Құржаң-құржаң етеді;
Жер үшың²⁸ берген кісідей,
Тоңғаңдай ма, не етеді.
Ноніл тұғіл, намазы
Ворі жолго котоді.

«Еннатаійна көлкөусар»²⁹
Нонал дереу күпекар,
Аяғын ойлан айтқаны:
«Оні — шаны құлаптар».
Осы оқымен памаздың
Қай жеріндеге сауан бар?
Төгіп ойлан байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар.

ЖАҚСЫЛЫҚА

Аяғында аңдып бас, ей, Жақсылық!
Өз басында жының бар бір бақсылық.
Борышқорлық адамға қиын нәрсе,
Әрқайда өсткізеді мал тапшылық.

* * *

Сап-сап, коңлім, сап, көңлім!
Саяламай, сай таппай,
Не күн туды басыца
Күні-түні жай таппай?
Сен жайыңа жүргенмен
Қыз өле ме бай таппай?
Тұн кезгенің мақұл ма,
Жан-жагыңа жалтақтай?
Өлемрін дең жүрмісің,
Мұпан басқа жан таппай?

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!
Сабыр түбі — сары алтын.
Сабыр қылсаң, жайыңды
Білер ме екен бекзатым?
Көңіл аулап соз айттар
Арадағы тілхатым,
Лғын судай екпіндеп,
Лайы жоқ суатым.
Луру да емес, сау да емес,
Күрыңды ол-қуатым.

Сап, сап, коңлім, сап, коңлім!
Сана қылма бекерге.
Сап қылғанмен пайда жоқ.
Дүние даяр отерге,
Ажал даяр жетерге.
Хош, қыз алсын қойнына,
Бейнет көрмей, дәulet жоқ.
Әлі барып кетерге,
Оныменен бойыңа
Иман, дәulet бітер ме?

Адалды сатсаң арамга,
Іұдай қабыл етер ме?
Іыз сүйөді мені деп,
Оған көзіл котерме!

Сап, сап, көzlім, сап, көzlім!
Сарқа берме санасын.
Бәрін өзің білсең де,
Әлі-ақ өзің танаңың.
Өртөнесің, жанаңың,
Өз-өзіңең бейнетке
Өз басыңды салаңың.
Қай мезгілде тойғыздың
Аюдайын ағасын,
Іатыны мей қалашын?!
Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың?
Сонда тәуір бола ма,
Ұстап ап біреу сабасын?
Қиімінді тонасын,
Елге де күлкі боласың.

Сап, сап, көzlім, сап, көzlім!
Сагынышиң сарғайма!
Жәй жүрсөң де қыз қумай,
Сені біреу қарғай ма?
Қыз іздесең, қалың бер,
Мұным ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні,
Таңдал алсаң тектіні,
Сонда да көзіл толмай ма?





1882—1885

* * *

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан тұлқі табылар андығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымбың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томагасын тартқанда бір қырымнаң,
Қыран құс козі коріп самғағанда.
Төмен үшсам, тұлқі орлең құтылар дег,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанаға,
Кере тұра қалады қашқан тұлқі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Лұзын ашып, қоқақтаң, тісін қайраң,
О да талас қылады шыбын жанға.
Ізызық корер, коңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғапға.
Қырық пышақиен қыржыңдаң тұрган тұлқі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз наиза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдаң, ыскырады,
Көктен қыран сорғалаш құйылғанда.
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға,
Еіреуі — көк, біреуі — жер тағысы.

Адам үшін батысын қызыл қанға.
Қар аниаң, бұркіт қара, тұлкі қызыл,
Үңеніді қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын котеріп екі шынтақ,
О да бұлк-бұлк етпей ме сипанғанда,
Аниаң ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жұзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға.
Арт жағынаң жаурыны булкілдейді,
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы тұлкі алғанда.
«Үйірімен уш тоғыз» деп жымыңдаپ,
Жасы үлкөн жапыша байланғанда.
Сілке киіш тымақты, насыбайды —
Бір атасың қоңлілік жайланғанда.
Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың, құмарың әр қанғанда.
Кокіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызың ісім екен сүм жалғанда.
Кокірегі сезімді, қоңлі ойлыға
Бәрі це азық тұрмай ма ойлаганда?
Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Іколенексі түседі көкейіңе,
Әр созін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

* * *

Қақтағап ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған
Бір жаңа ұқсатамын тұған айды.
Маңдайдан тұра түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сейлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайдайды.
Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын құп шалмайды.
Тақтайдай жаурыны бар, иығы тік,
Екі алма қеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбынтай бұрандайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғыпдай толқыш ұрып, көз таңдайды.

* * *

Қаңдай қызда ләzzат бар жан татпаған?
Сұлууы бүл заманиң тек жатпаған.
Он согіз, он тогызга көлгепинен соң
Алмасы оқио болар қол батпаған.
Бұлардың кейбірінің мінездері:
Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын дең,
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.
Оуселдең сұлу жайы бізге мәлім:
Жігітті жұрт мақтаған қызы жактаған.
Ной жігіт мақтап үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.
Кей жігіт арсыздықпен, ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған.
Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт
Оништейп құр бескөрге бұлғақтаған.

* * *

Жасымдағылым бар деп ескермәдім,
Пайдасын көре тұра тексермәдім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мәзгілінен кеш сермәдім.
Бұл маҳрум қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дәп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытууды жек көрмәдім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызымет қылсын, шен алсын деп бермәдім.
Өзім де басқа шауып, теске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермәдім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмәдім.





1886

* * *

Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек.
Ашуың — ашыған у, ойың — көрмек.
Мұндасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп болады ермек?

Жас — қартаймақ, жоқ — тумақ, туган — өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылышы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылыш қылмай,
Еріпшек ездігінен көпке конбек.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, құлық қылым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?

Надапга арам ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертеғіні тез үйренбек.

Рас сөздің кім білер қасиетін?
Ақылсыз шынға сепбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек³⁰
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдіпің
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа белмен,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданиң сүйенгені көп пен дүрмек.

Алашқа іші жау бол, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, елсе өкірмек.
Бір-екі жолы болған кісі көрсө,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төмөншіктең, қайғы жемек.
Өзімің іттігімнен болды демей,
Жеңді гой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,
Өзімен-өзі бір құн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек?
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?!

Мақтап үшін қайратсыз болыс болмак,
Иттей қор бол, өзіне сөз келтірмек.

* * *

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлгайды арман.
Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
Теп-тегіс жүрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кеziнде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп,
Би мен болыс алады құштін сатып
Мен қазақтан кетінді ап берем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы³¹ шар салып³², леп берем деп.
Жалаңқая жат міноз жау алады
Бермей жүрсөң, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесөң, бұлт берем деп,
Жауыңца қосылуға сырт берем деп.
Бұзылған соң мен оңай табылmasпын,
Но қылышпен оңайлықпен ырқ берем деп.

Сүм-сүркия — сүмдышқпен еп берем деп,
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.
Жұз қараға екі жұз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жиып, мал сойыңыза ет берем деп,
Мал борсом, сен мендік бол деп берем деп.
Қара қарға сықылды шуласар жүрт
Кім кон берсе, мен согап серт берем деп.

Зұзыларда ойламас бет көрем деп,
Алт ғашуді кім ойлар дерт көрем деп.

Қабаған итше өшігіп шыға келер
Мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп.

Орыс айтты өзіде ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп.

Жұрт жүр ғой арамдыңты ен көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шот кором дон.
Бар ма екең жай жүргөн және қашагатпен,
Құдайдың өз борюнін жон кором дон?

Атана бала аңдиы, ағани - Іні,
Ит қорлық немолө скоп сүйткөн күпі?
Арын сатқан мал үшін антүрганиң
Айтқан соғы құрысын, шықсан үні.

Алыс-жақын қазақтың борі қаңғын,
Аямай біріп-бірі жүр ғой аңдын.
Мал мен бақтың кеселіп ұя бұзар,
Пәруардигөр³³ жаратқан несіп жан қын!

Ант ішіп күнде берген жаны құрысын,
Арын сатып тіленген малы құрысын.
Қысқа күнде қырық жерго қойма қойыл,
Езу тілмен құлық сауған зацы құрысын.
Бір атқа жұз құбылған жұзі күйгір,
Өз үйінде шертигөн паңы құрысын.

* * *

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптаң,
Жұрт жүр ғой қүйкентай мен қарға сақтаң,
Қыран шықса қияра, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтаң.
Қарқылдан қарға қалмас арт жағынаң,
Қүйкентайы үстінде шықылықтаң.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Құні бойы шабады бос салақтаң.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстапаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтаң.
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,
Түні бойы күшілдер құсын мақтаң.
Басқа — сая, жаңға — олжа дәнeme жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтаң.

* * *

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май бол енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңен басқа созді,
Аузымен орақ орган өзкей қыртың.
Өзімдік дей алмай өз малыңды
Құндіз күлкің бұзылды, түнде — үйқың.
Көрсекзыз келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сыйқын.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын
Өз қолыңдан кеткен соң енді өз ырқың.
Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын.
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, бақсан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған
Күш синасқан қүндестік бұзды-ау шырқың.
Оцалмай бойда жұрсе осы қыртың
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың.
Қай жеріңден көңілге қуат қылдық
Қыр артылmas болған соң мінсе қырқын.
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

* * *

· Байлар жүр жиган малын қоргалатып,
Өз жүзін онын беріп алар сатып,
Онын алып, тоқсаннан дәме қылыш
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып.
· Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
· Әрі-бері айналса аты арықтап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сүм-сүркия, қу, білгіш атапбаққа
Құдай құмар қылышты қалжыратып.
· Қоргаласа, қорықты деп қоймаған соң,
Шаптырады қалаға бай да андатып.
· Құшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Көңлім қайтты достап да, дүшпаниап да.
 Алдамаған кім қалды тірі жаңда?
 Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім
 Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
 Ол тұрмас бастаң жыға³⁴ қисайғанды.
 Мұнан мениң қай жерім аяулы деп
 Бірге тұрып қалады кім майданда?!

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,
 Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
 Осы күнде, осы елде дәнeme жоқ
 Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
 Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
 Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып
 Ызаменен ыржып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштың сауда қыла алмай жүр,
 Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
 Ел аулақта күш айтқан, тоңта таңған
 Арсыз жұрттаң коңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
 Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.
 Ала жылан, аш бақа күпілдектер
 Кісі екен деп ұлықтаң ұялмай жүр.

Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,
 О дағы ұры-қарды қыра алмай жүр.

Қарсылық күнде қылған телі-тентек
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Бірінің бірі сезін құп алмай жүр.
Құда-тамыр, дос-жарың, қатын-балаң —
Олар да бір қалышты бола алмай жүр.

Бір күшті кеп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жүрттый әрі
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайланаға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауың — қып-қызыл ол бір пәле
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәисісін тыя алмай жүр.
Сәлем — борыш, сез — құлық болғаннан соң,
Қаңдай жан сырттан сез боп сыналмай жүр?

* * *

Адасқанның алды — жоп, арты — соқпақ,
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз малға беккен кісімсініп
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бір аршопке³⁵ шапаны соңдай шап-шапақ,
Мүшесінен буынып, басады алишақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем деп
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жазды күні ақ беркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар о дағы аппақ.
Керегеге сабауды шашып қойып
Беркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар құлығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ.
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар
Күні бойы шешініп, бір т...-ақ.

Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржандамақ.
Бет-аузын соз сойлерде жүз құбылтып
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ.
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзөр біреу жоқ, сыртын түзең,
Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ.

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып
Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ.

* * *

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық,
Қартаймластай көрмелік, ойланалық.
Жастықта кокірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш пәрседен қорғаналық.

Бар ойы — өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылып қолға алалық.
Қызды ауылга қырындаپ үйір болса —
Коңліне зор қуаныш, бір бадалық³⁶.

Демеңдер опбес іске жұбапалық,
Ләқыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдаң тауып,
Корсе қызар, күнде асық — дуаналық.

Жастықта бір құлгенің — бір қаралық,
Құлкі баққан бір көрер бишаралық,
Әуелі өнер іәделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Құлкіні онша күйлеп, шуламалық.

Уайым — ер қорғаны, есі барлық,
Қыныны бұл дүниенің — қолы тарлық.
«Ehe-cho»-го олірме, бозбалалар,
Гүл — бос күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым коп шошынарлық.

Жарлылық, жалынышты, жалтаң көздік
Сүйкімі-икемі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.
Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырап,
Болмаган соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық.
Қалжыңбассын откізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп
Жүрмесін деп, азғана соз шығардық.

* * *

Жігіттер, ойши арзаң, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр меш сымбат.
Арзаң, жалғап күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат³⁷.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.
Соз мәнісін білерлік кейбіреу бар
Абайлар әрбір сөзді өз халінша.

Шын көңілмен сүйсө екен, кімді сүйсө,
Бір созімен тұрса екен, жанса-күйсө.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар
Оңгақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.

Көрек іс бозбалала — таланттылық,
Әр түрлі опер, мінез, жақсы қылыш,
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлең,
Сыртқа пысық келеді, көзге сыйнық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпосе біріндікін бірің жеткіз!
Қүннілдікесіз тату бол шын көңілмен,
Қияптиныл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсес ғасың қосып,
Біріңің бірің сойле созің тосып,
Біріңді бірің гиззат³⁸ құрмет етіс
Тұргандай бейне қорқып, жаңың шошын.

Жолдастық, сұхбатастық — бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңдан бір ауыз сөз айтып құлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлеңшіппің бәрі бір бәс.

Біреуді коркі бар деп жақсы корме,
Лапылдаң көрсө қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көзіл берме!

Көп жүрмес, жәңсіккөйлік әлі-ақ тозар,
Жаңғырар жәңсік құмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттеп коңіл қайтар,
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Толқынын жүрегінің хаттай таныр,
Бұлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегендеге корінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
«Бетім барда бетіме кім шыдар» деп,
Кімі пандай келеді, кімі тантық.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерсі.
Салақ, олақ, ойнашы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерең.

Қатының сөпі сүйсе, сен де оны сүй,
Коржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, райыс³⁹ — үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңың жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі,

Майысқан, бейне гүлдей толықсыған
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма.
Жедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-апаның қызынаң ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сызданбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп
Қызмет қылсын қөңлі таза жүріп.

Құрбыңың тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсіп созі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның қозі.

Кей құрбы үргін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату.
Кекірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.
Мәліш⁴⁰ сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс —
Тірі жанның қылғаны үргін тегіс.
Бірі көйтке⁴¹ таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-ападан жақын боп, ертіп алар.
Бірін-бірі құшақтан шуылдасып,
Ойын тарқар көзінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-апасы бүркүлдар онан жамап.
Татулығы құрысып ойынымен,
Дәл соларға ұқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар ұлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар сапасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтың белгісі — арыз беру
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

}

Патша құдай, сыйыпдым
 Тура баста өзіце.
 Жау жағадан алғанда,
 Жан көрінбес көзіме.
 Аргын, Найман жиылса,
 Таңырқаған сөзіме.
 Қайран сөзім қор болды
 Тобықтының езіне.
 Самородный⁴² сары алтын,
 Саудасыз берсең, алмайды
 Саудыраган жезіне.
 Саудырсыз сары қамқаны
 Садага кеткір сүрайды
 Самарқаннның бөзіне.
 Қеселді түйін шешілсе,
 Кердең мойын кесілсе,
 Қелмей кетпес көзіше.
 О да құдай пәндесі,
 Тұспей кетер деймісің
 Тәңрінің құрган тезіне!

Базарға, қараң тұрсам, әркім барар,
 Іадегені не болса, сол табылар.
 Біреу астық алады, біреу маржан,
 Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
 Әркімнің өзі іздеген пәрсесі бар,
 Сомалап ақшасына сонап алар.
 Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұгар,
 Бағасып пайым қылмай аң-таң қалар.
 Сөзді ұгар осы күнде кісі бар ма?
 Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
 Жазған соң, жерде қалмас тесік моншак,
 Біреуден біреу алып, елге тарап.
 Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
 Шамдапбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарап.
 «Ит маржанды не қылсын» деген соз бар,
 Сөулесі бар жігіттер бір ойланар.

Ғылым таптай мақтаңба,
 Орын таптай баптанба,
 Құмарланып шаттаңба
 Ойнап босқа құлуге.
 Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол —
 Адам болам десеніз.
 Тілеуің, өмірің алдыңда,
 Оған қайғы жеседіз.
 Өсек, өтірік мақтаниңақ,
 Еріншек, бекер мал шашпақ —
 Бес дұшпаның, білсеңіз.
 Талаң, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым, ойлап қой —
 Бес асыл іс, көнседіз.
 Жамандық көрсөң нәфрәтлі⁴³
 Суытып көңіл тыйсаңыз.
 Жамандық көрсөң ғибрәтлі⁴⁴.
 Оны ойға жисаңыз,
 Ғалым болмай немене,
 Балалықты қисаңыз.
 Болмасаң да ұқсап бақ
 Бір ғалымды көрсөңіз.
 Ондай болмақ қайдадеп
 Айтпа, ғылым сүйседіз.
 Сізге ғылым кім берер,
 Жапбай жатып сөнседі?
 Дүниө де өзі, мал да өзі,
 Ғылымға көңіл берсөңіз.
 Білгендердің сөзіне
 Махаббатпен ерсөңіз.

Ақыл сенбей сенбеціз
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты —
Ақылменен жеңсекіз.
Надандарға бой берме,
Шын созбенен өлсекіз.
Аят, хадис емес қой,
Құпір⁴⁵ болдың демес қой,
Қаша қарсы көлсекіз.
Көп көзіне көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсекіз.

Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл.
Осы жалған дүниеден
Шешепең де өткен не бұлбұл,
Косом де откен не дұлдұл,
Сөз мәпісіп білсекіз,
Ақыл-мизап,⁴⁶ өлшеу қыл,
Егер қисық көріпсе,
Мейлің таста, мейлің күл.

Егер тұзу көрінсе,
• Ойлан-ойлан, құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл.
Жақыншың сөзі тәтті деп,
Жақынның айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сізге айтамын, қаупім — бұл.
Озің үшін үйренсек,
Жамандықташ жиренсек,
Липиларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсек,
Біреу білмес, сен білсен,
Білгендіңің бері тұл.
Сөзіне қараң жініні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр норседен құр қалма.

Мұны жазған — білген құл,
Ғұламани⁴⁷ Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Созін оқы және ойла,
Тез үйрениң, тез жойма,
Жас уақытта көңіл — гүл.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
 Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
 Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды,
 Ой желке, үцірейген болса сағақ.

Теке мұрып, салпы ерін, үзын тісті,
 Қабыргалы, жоталы, болса күшті.
 Ойынды сті боп-болек, омыраулы,
 Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жұан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
 Шыптағы қабыргадан тұрса аулак.
 Жорсогарлы, сіңірлі, аяғы тік
 Жаурыны етсіз, жалнақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы тар мықын, қалбағайлы,
 Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы.
 Құлте құйрық, қыл тұбі әлді келіп,
 Котендігі шығыңқы, аламайлы.

Үрнеги томон біткен, шақпақ етті,
 Озі санды, доңголок келсе көтті.
 Сырты қысқа бауыры жазық келіп,
 Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандай, бота тірсек,
 Бейно жел, тынышты, екпінді, мініп жұрсек.
 Екі козіп төңкеріп, қабыргалап,
 Белдеуде тыныш тұрса, байлан көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қагып, еліріп жүрсе әсем.
Шанса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем!

Аяңы тымақты алишы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қагып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

ЖАЗ

Жаздыкүш шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Құрқіреп жатқан өзенге
Көншіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғынша жоны қылтылда,
Ат, айғырлар, бислер
Бүйірі шығып, ыңқылда,
Суда тұрып шыбында,
Құйрығымен шылпылда,
Арасында құлыш-тай
Айнала шауып бұлтылда.
Жөгары-томен үйрек, қаз
Ұшын тұрса сымында.
Қызы-колінинек үй тігер,
Бұрала басын былқылда.
Ақ білеғін сыйбанып,
Озілдесіп сыйқылда.
Мал ішінен айналып,
Қоңті жақсы жайлана,
Бай да көлор ауылға,
Ляғынылы жылнилда.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырыш,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылда.
Жалпы алдаған жас бала
Жагалайды шешесін:
Ет өнер деп қыңқылда.

Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтапатты байлардың
Самаурыны бұрқылдаап.
Білімділер соз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдаап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп макұлдаап.
Ақ койлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдаап;
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдаап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеш тұрса,
Таңтереңнен салпылдаап.
Мылтық атқап, құс салған,
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутындаап.
Қайырып салғап көк құсы,
Көтеріле бергенде,
Қаз сызырса жарқылдаап.
Откен күннін бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып қүледі,
Қошемет қылып қарқылдаап.

Интернатта оқып жүр
 Талай қазақ баласы —
 Жаңа өспірім, көкөрім,
 Бейне қолдың саласы.
 Балам закон білді деп,
 Қуанар ата-апасы.
 Ойында жоқ олардың
 Шаригатқа⁴⁸ шаласы.
 Орыс тілі, жазуы —
 Білсем деген таласы.
 Прошение⁴⁹ жазуға
 Тырысар, келсе шамасы.
 Інисапсызға не керек
 Истің ақ нең қарасы.
 Нан тапшаймыз демейді,
 Бұлінсе елдің арасы.
 Еждинатсыз⁵⁰ михнатсыз
 Табылмас ғылым саrasы.
 Аз білгенін көпсінсе,
 Коп қазаққа епсінсе,
 Кімге тиор панаы?
 Орыс төріс айтшайды
 Жаман бол деп оларды.
 Қашы бұзық өзі ойлар
 Қу менен сүм боларды,
 Орыста қалар жаласы.
 Бұл іске кім виноват?⁵¹
 Я Семейдің қаласы,
 Я қазақтың аласы?

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрішде ой,
Коцлінде жоқ санасы.
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ашы.
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий,⁵²
Ақыл айтпай ма ағасы?

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киүоге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың,
Жазыңсыз күнде сөгүге?
Өнерсіздің қылғы —
Тура сезін айта алмай,
Қит етуге бата алмай,
Көрлікпенен шіргүе;
Аз ақшага жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүргүе.
Алыс та болса, ізден тап
Кореннойга³⁵ кіргүе,
«Талапты ерге нұр жауар»,
Жүріп өмір сүргүе.
Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып, желуге.
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың⁵⁴ тура келуге.
Жапыңца жаңса, соңынаң
Жалқауланба еруге.
Ісисық болса, закон бар
Судьяга беруге.

Ол да оязной емес қой,
Алуға теңдік сенуге.
Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямотой.⁵⁵
Жеңіл корме, бек керек
Оғап да гылым, оғап да ой,
Қалайша қайда енуге?

КӨКБАЙҒА

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Ол жыламай қайтіп тұрады.
Мынау азған қу заман
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,
...болмаған соң
Жылауына зорлайды.

КӨЖЕКБАЙГА

Жамантайдың баласы Кожек деген,
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамапдайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген.

Өкінішті көп өмір кеткен отіп,
Откіздік бір пәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Улгісіз жүртты үйретіп, қалдық кейіп,
Көп нағандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет өзіне болды құлқішлідік,
Үржан-қылжаң ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіпі дейміз орыс,
Жириеніп жылмаңдықты демес бұрыс.
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жоқ серменде⁵⁶ сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
Жүргегінде жатады өкпе сызы.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доссыз, асықпыз дегеніміз —
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Сеніскең досым да жоқ, асығым да,
Ақыры олең қылдым жасыздым да.
Кормоген көп дүние көл көрінді,
Кірломоген көңілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық — кәннің⁵⁷ бірі.
Мұндасқаңда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болжао,
Ит мұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күціреніп, қозгалып қаң.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдастападым татулықтан.





1887

* * *

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсекізар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақаң, ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол — арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.
«Бұл нең?» десе, біреууге
Жоқ нәрсепі шатады.
Іұтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбдел батады.
Бұл болмаса, онсы,
Аударылыш қонысы,
Алыштан дәм татады.
Қызымет қылыш мал таппай,
Гылым оқып ой таппай,
Іүр үйінде жатады.

Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы
Үйде жарап қатады.
Еңбегі жоқ, еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
Шысық деген ат шықты.
Бір соз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жұз құбылған салт шықты.
Шысық кім деп сұрасац —
Қалага шапса дем алмай,
Отірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сырды жоқ,
Шаруага қыры жоқ,
Отірік, өсек, мақтанға
Лағын тұрса бейне су.
Ат-шапашан кем кормес,
Біреу атып қойса «қу».
Құ нәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтакқа,
Арақ ішпей мас болса.
Ел тыныш болса азады,
Ерігіп оле жазады,
Үйде отырса салбырап,
Тұзге шықса албырап,
Кісіні көрсө қылжандап,
Қалжыңшылсып ыржандап,
Оз үйінде қинаңдал,
Кісі үйінде күй таңдал,
Лақылы бар кісіні
Ѓайбаттайды, даттайды.
Луқаты бар туғанды
Қайырсыз ит деп жаттайды.
Мал мен бақтың дүшпаны,
Кеселді пысық көбейді,
Күнік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.

Кү тілменен құтыртып,
Кетер бір күн отыртып,
Қызмет қылған кісісін
Құрытуга таяйды.
Қылыш жүрген онері:
Харекеті — әрекет.
Өзі оңбаган антұрган
Кімге ойлайды берекет?
Кімді ұялып аяйды?
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз —
Елдің жайы солай-ды.

КОЖЕКБАЙГА

Ботен елде бар болса
Ежеттесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған,
Көптен тату қимасың.
Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрынғы
Не қылыш ол ойласын?
Лиши берер жауыңа
Озі корген қоймасын.
Желіккеп жауың кез болса,
Араздығы сез болса,
«Бәрекелді батыр» деп
«Мыңты боп бара жатыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырап.
Ескі досын коргенде,
Есебі жоқ айт ішін,
Аруақ, құдай айттысын,
«Сыр алғалы айттым» деп,
«Жауыңды алдаң қайттым» деп,
Іұдайдан қорықпай, аптурған
Иман жүзін тоздырап.
Көлін кетін көн жүріп,
Мен досыңмын дең жүріп,
Дұсандығын оздырап.
Алдайды деп жауыңа,
Ел тарттырмай баурыңа,
Корінгенді азғырап.
Кеселі болып бітеді
Жаңсыға біткен жақындар.

Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар,
Үйде отырып ескенде
Бәрі шешен қақылдар.
Лулаққа шығып, біріне
Бірі созін макұлдар.
Жау көп болса басында,
Бірі қалмас қасында,
Жетектесең, табандар.
Далаға шығып, өзінді
Жаудан бетер жамандар.
Жалбарынып күн көріп,
Жақынын сатып, жән көріп,
Қалтаң-құлтаң амалдар.
Тұысқанға кекшілі
Жас баладан бетер-ді.
Ойлау да жоқ, білу жоқ
Келер менен кетерді.
Жақынға еріп, мал салмай,
Жауды көріп, жан салмай.
Қайдан ғана біледі
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен отерді?
Жолдас аз бол сасқанда,
Әуел сонаң есітесің
«Ат үстінен көтерді».
Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сез болса,
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден,
Кіржіңдеп жүріп кекер-ді.
Оциалып егер алдыңыз
Әр жерден-ақ кебейер
Ажарлыңыз, малдыңыз.
Пәлепшені ұрам деп,
Түгеншөні қырам деп,
Таршылықта қайрандал,
Кеңшілікте ойрандал,
Коп батырга қалдыңыз.

Егер тілін алсаңыз,
Бірі қалмас кісіден,
Егер тілін алмасаң,
Бықсып шірір ішпінен.
Әркімде-ақ бар ғой туысқап,
Қайсысы жауды қуысқан?
Күп жаугапда қойныңда,
Күп ашиқта мойныңда,
Арылмас міндет болғап соң,
Әркімнің көнді сұысқап.
Жақсыға біткен ағайын
Өз үйінде кезексіз
Шешеп келер сартылдап.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас қалтылдап.
Қалжыңға келер шорқақтау,
Жауга келер қорқақтау,
Еркіш жерде ызақор,
Томырық келер тарқылдап.
Әдеппенен тамылжып,
Міpezі тәтті болмайды,
Сасық пандай келеді.
Қырт, мақташшақ оқбайды,
Кісімсініп жалпылдап.
Біреуге оқтем іс қылса,
Өз күшім деп ойлайды.
Егер күші жүрмесе,
Баганағы жақсының
Қылғаны деп қоймайды.
Жат айбынар ісі жоқ,
Жау айдынап күші жоқ,
Өз еркіне жіберсең
Енн порсеге тоймайды.
Қалжыңды теріс, сөзі ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді,
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс.
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Көңілге медеу, ол тыныс?
Жалғыздуы пәлледен

Жұрт ұмытты біржола.
Шыныменен тамам ед
Кете ме екен ит бола?
Ішкені мас, жеген тоқ,
Уайым айтар біреу жоқ,
Тым болмаса болмады
«Бұлт ала, жер шола».
Келелі кеңес жоғалды,
Ел сыйырды қолға алды.
Ел ішпінде бітімші
Түгел алып қайтпайды,
Сұрай келген бір малды.
Ел жамағап билер жоқ,
Ел қызырын сандалды.
Астыртын барып жолғасқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын өрең сол алды.
Орыс сияз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Құ старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Бітім қылып бір кісі
Адал малын алмайды.
Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды.
Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа?
Жатқа қарап беті жоқ,
Жалянбай тұрар к...жоқ,
Ісі кетер шалысқа.
Ел бұлғі Тобықты
Іон иысыққа молықты.
Малдының малын коре алмай,
Борының түгел бере алмай,
Корінгенге обықты.
Қазақтың малын сапырып,
Іон болеге шатылып,
Кесененатқа жолықты.

Өаінен шыққан жақсылар
Түзей алмай зорықты.
Ботөн елдің адамы,
Тынбаган соң арамы,
Коңілі әбден торықты.
Саудагер қашты бұл елден,
Несисеін жия алмай.
Бұралқылар сандалды
Жұандарға сыя алмай.
Сенімсіз болды алашақа,
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жоқ, анты бар,
Ел нұсқасы кетті ғой,
Елмін деген салты бар.
Әлі күнгө уайым
Қылған жап жоқ, ұялмай.

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы.
 Қызыппан қыстырыр ерданасы.
 Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
 Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бетен сөзбен былғанса сөз арасы,
 Ол — ақынның білімсіз бишарасы,
 Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
 Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис — сөздің басы,
 Қосарлы бәйітсымал⁵⁸ келді арасы.
 Қисынымен қызықты болмаса сөз,
 Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа⁵⁹ оқыған ғұламасы,
 Мұнәжәт⁶⁰ уәлилердің⁶¹ зар наласы.
 Бір сөзіп бір сөзіңде қыстырыр,
 Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңгे әркімпің-ақ бар таласы,
 Сонда да солардың бар тандамасы.
 Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
 Қазақтың келістіреп қай баласы?

Бұрынғы есқі биді тұрсам барлап,
 Мақалдан пітады екен, сөз қосарлап.
 Ақылдары ақылсыз, надан келіп,
 Қор-жерді олең қыпты жоқтан қарман.

Қобыз бен домбыра алыш топта сарнап,
 Мақтау олең айтыпты әркімге арнап,

Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Көтірген сөв кәдірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін брезеп, жаңын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбал,
Жат елде қайыршылық қылыш жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Қайда бай мақтапшаққа барғап таңдалап,
Жиса да, бай болмасты, қашпа малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалданап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдалап.

Батырды айтсам ел шауып алғап талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап:
Әншійін күн өткізбек әңгіме үшін
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көпгенім-ақ соғап деп жүр табандап.
Кісімсінген, жел кетер білімсіз коп,
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.

Амалданап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтап құғап, мал құмар нені ұға алсын,
Шыңпаса мыңшаш біроу талғап-талғап.

Мал жиын арамдықсан үрлап-қарлап,
Іңесің десе, қуанын жүр алшаңдалап.
Қаңса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұндалап».

Ішсан, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды көрек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік нон осекті жүндей сабап.

НАЗАРҒА

Мынау келген Назар ма,
Ақсақалды ауыл азар ма?
Сұрағаның бір-ақ тай,
Бермейді деп сазарма!





1888

* * *

Біреудің кісісі олсе, қаралы — ол,
Қаза корген жүргегі жарабалы — ол.
Көзішің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарлапын пеге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тоғынды қыл,
Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржакаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлецсіз солар қызық бола ма гул?

Бала туса, күзетер шілдехана
Олар да өлец айтар шулап жана.
Бұрынғы жақсылардан өриек қалған,
Біде тақпақ, маңал бар, байқап қара.

Туганда дүниe есігіп апады олец,
Олецмен жер қойнына нірор десең.
Әмірдегі қызығың борі олецмен,
Ойлансаншаңы, бос қақпай елец-селец.

Олецді айтпақ түгіл, ұға алмайсын,
Лайтсаң да, үддасынан⁶² шыға алмайсың.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мүниша сіреең құп алмайсың?

Өлец деген — әр сөздің ұнасымы,
Соз қосарлың, орайлы жарасымы.

Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімпің ұнасар таласуы.

Қарыны тоқ қас иадаң үіңас сөзді,
Сөзді ұгар, кокірегі болса козді.
Қадіршы жақсы сөздің білер жапта
Таштай айтпа оған да айттар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқанпан?
Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғанпан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауга жоқ қой қазақ.

Шортанбай, Дұлат иенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау.
Әттең, дупие-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау!

Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашнақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

КҮЗ

Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарыскан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жаңастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсөң де, жабырқаңқы,
Күлкі-ойып, көрінбейді сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржап қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорна-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқап аулап, қайда көрсөң.

Қүзеу тозған, оты жоқ елдін маңы.
Тұмап болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақлаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы,

Қараша⁶³, желтоқсанмен⁶⁴ сол бір екі ай,
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй.
Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отыrap бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоғран иін жылдытып, тонын илең,
Шекпен тігер қатыны бұрсаң қағып.

Жас балаға үйде от жоқ тұрган маздал,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздал.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қызып,
Бір жағынан қысқанда о да азынац.

Қәрі қой ептең сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын қүйі?
Қара қидан орта қап үрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай үлиниң жалины үлы жалынышты,
Ағын жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіно кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ішк жагынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйгөн жүктің күп жағып орып қылып.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын, азғыр-ағыр.
Асын жөндеп ішे алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр — артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жок,
Аңдыстыргап ексеуіп, құдайым-ай!

Алса да аянақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес, байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

ҚЫС

Ақ киімді, депелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жапды.
Үсті-басы ақ қырау, тұсі суық,
Басқаш жері сықырлап келіш қалды.
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар
Көрі құдаң қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай⁶⁵ бөркін киген оқшырайтып
Аязбенеп қызырып ажарланды.
Бұлыштай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандап, бүрік-сарқ стіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тенкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегепше, Қондыбай, Қанай⁶⁶ жесін,
Іүр жібер мына антүргаян көрі шалды.

ҚҮЛЕМБАИҒА

Ұағалайқұмұссәләм,
Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың
Аума-төкпе заманда.
Ел билеген адам жоқ,
Ата менеп бабаңда.
Болыстықтаң пайда қып,
Шығыныңды алсаң, жамаң ба?
Қалжыңдаймын әншнейін,
Оған келе де бермес шамаң да!

Орныңнаң тұра шабасын,
Атшабар келсе қышқырып.
Ояз келсе, қайтер ең,
Айдаңардай ысқырып?
Отырасың үйіңде,
Өз-өзіңнен күш кіріп.
Босқа-ақ түсіп қаларсың,
Біреу кетсө үшкіріп!..

ҚӨКБАЙҒА

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрыпып.
Осемсін, сәңсін,
Білгесін, бәлсін,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау кердең, бір керім,
Жақпайды маган сол жерің.

Желсіз тұнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілден.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілден.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің тонырағы,
Құлпыған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмел пе едің жол тосып
Жолығуга аулаққа?

Тайманадамай тамылжып,
Бір сұнып, бір ысып.
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шопып.

Соң айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қагып жүргегі.
Тұрман па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?





1889

* * *

Ішім олғен, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос — ертең жау,
Мен ие қылдым, япымрау?!
Оз үйінде өзендей
Құркірейді, айтса дау.
Кісі алдында кірбендең,
Шабай, шардақ⁶⁷ және шау⁶⁸.
Мұндай ма едің ана күн,
Мұның қалай, батыр-ау?
Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың басасау.
Жан қысылса, жайтаңдаи,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жап жай тапса, сен неге,
Жат мінезсің жабырыау?
Ұрлық пінен құлықта,
Байлаганда, кестің бау.
Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау.
Тоң болғанда нөресің
Түрлі дауды жұз тарау.
Аягында сөмдейлер
Кормей жур ме қанталау?
Қайта келер есікті
Қатты серіппе, жарқын-аул
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күпі бір бар-ау.

ҚУЛЕМБАЙҒА

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындал.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындал.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдал.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындал.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындал.
Сыяз бар десе жүргегім
Орнықпайды суылдал.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр кулемін жымындал.
Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілден:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілден.
Сасып қалдым, күн тырыз,
Жүрек кетті дүпілден.
Тыңтүяқ күнім сүйтсе де,
Қарбацадым оқімден.
Старшын, биді жиғыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып, халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілден:
«Іңдай қосса, жұртымнып
Ақтармын осы жол сүтін» деп,

Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтінде..

Оңашада оязга
Мақтамаймып елімді,
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ,— деп,— белімді».
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сезім сенімді.
«Көрсектім» деймін, ымдаймып
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мақтаның к... корінді.
Қазақты жеген қайратты «ер»
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді.
Үлкен-кіші ақының
Бәрі сез бол терілді.
Қайрауы жеткен қатты би
Қайрылып иетсіп көзілді.
Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.
Ақылы жандар қамалап,
Кеңтірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейді,
Болыстың к... шөмейді.
Қайтсін байғұс демейді,
Бір кеңтірмей терімді.

Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдал.
Етек кеткен жайылып
Ат к... жалпылдал.
Оязға жетсіп дөгөн боп,
Боқтап жүрміп барқылдал.
Кейбіреуге таяғым
Тиін то кетті бартылдал.
Шынықтың кобі бұғып жүр.
Беттесе алмай шаңқылдал.

Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылда.
Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылда.
Құлкісі жақсы қарқылда,
Үні бөлек сартылда.
Сәйлесе кетсе бір жерде,
Ағыны қатты ацқылда.
Оязға кірсе, өзгеден
Мерейі үстем жарқылда.
Еліп бұзық болған соң,
Ояз жатыр шартылда.
Табаныңдан тозасың,
Құр жүгіріп тарпылда.

Антүрганмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті експін
Көрсем дағы, күтпеймін.
Сыяздан соң елімді
Қысып алып кетпеймін.
Әуелде қ... бос кәпір,
Мықтыға не қып беттеймін?
Жұанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылышты
Ояз жоқта өтпеймін.
Көкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріш етпеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «құп» дейміп.

Сүйегім жастық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар,
Айлам құрсын, білемін —
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады
Антүрган оцкей ұры-қар.

Көргенім әлгі, ойлашы,
Үят, намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,
Түссе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой дейміл зар.
Ақыл айтар тугандар,
Бұл сөзімді ойландар.
Кәтелечке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңкәр?
Ел жайылды, жетпей ме,
Олзға да бір хабар?

Тағы бүйтіп кеттің деп,
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жок,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаэдьы
Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санаиды.
Озі залым закүншік
Таныи алды талайды,
Іормей тұрып, құсамын⁶⁹
Темір көзді сарайды.

Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшенип тартылса,
Оқыған, білген — білген-ақ,
Надан — надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жәндіге жәп келмей,
Білер қайдагы шәргезді.

Надан қуанар, арсандар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл жоқ, қайғы жоқ опда,
Ісі жоқ теріс пе, оң ба?
Тіленіп, телміріп ізденер,
Тиын ба яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме жынды сөзденіп,
Жасынан үлгісіз шіркіп,
Не қылсып онор ізденіп.

Кісімсіп белгілі, білгіш,
Біреуге соңдай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Кісіде бар болса талаң,
Отырмас ол бойын балап.
Жүрер, өрқайдан ізденер,
Алар оз сүйгеніп қалаң.

* * *

Мәз болады болысын,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың⁷⁰
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылышы жаққанға?
Оқалы тола ма,
Ар-ұттын сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтаңға.
Таң қаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.
Әтуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш пәрсе емес, жұбанар,
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға.

Козі барлар ойының
Күлер к... ашқанға.
Қасиетін бойының
Бекер тогіп шашқанға.

Қуапарлық қызы емес
Жылтырауық таққанға.

Өзгелерді, біз емес
Тұсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса, жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес падап, оىбассың,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасың, жамаш болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанаға.

Жайы мәлім шошқаның,
Тұрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсып кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегіндеге болсын көз.

Жүргегі — айна, көңлі — ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу,
Өз өнері түр таяу,
Үқпасын ба сөзді тез?

Әблет басқап елерме
Сөзге жуық келер ме,
Түзу сөзге сенер ме,
Түзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшылап» жалынар,
Үққыш жансып шабынар.
Үқпай жатып жалығар
Үйқылы-ояу бойқуіз.

Жас баладай жеңсіккөй,
Байлаулы емес ақыл, ой,
Ойлаганы — айт пен той,
Іірекаң-қылжаң ит мінез.

Сұлу қызы бен я батыр
Болмагаш соң, тәңрі алғыр,
Шығын кетер я қалғыр,
Оған ақыл — арам без.

Жақсыга айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дергіті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәңір-айшыл» кер есек,
Құлыш, сұмдық не есек,
Болмағап соң, бір есеп —
Мейілі қамқа, мейілі бөз.

СЕГІЗ АЯҚ

Алыстап сермен,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойга жайылғап;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп-қайырган.
Толғауы тоқсан, қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жұзі,
Кестепің бізі
Өрнегін сендей сала алмас;
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ — ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Құлқішіл кердең надапның;
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —
Әдеті надан адамның;
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаган соң, айтпа сез.

Қайпайды қашып,
Ашиды жанаңып,
Мінездерін коргенде;
«Жігерлон, сілкін,
Қайраттаң, беркін!» —

Деп насихат бергенде;
Ұятызы, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан.

Аулақда шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге;
Пайдасыз тақыл,
Байлаусыз ақыл,
Атадан бала ойы озге;
Сапасызы, ойсызы, жарым ес,
Өз ойында ар емес.

Тасыса есек,
Ыскыртса жесек,
Құмардан әбден шыққаны;
Құпілдек мақтаң,
Табытып қаққан
Аңдығапы, баққапы;
Ынсан, ұят, терең ой
Ойлагам жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,
Болеайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл;
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжак
Бола ма дәүлет, нәсіл, бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйренін, ойлан, мал іәде;
Адал бол — бай тап,
Адам бол — мал тап,
Қуансаң — қуан сол кездө;
Бірінді, қазақ, бірің дос
Нөрмесең — істің бәрі бос.

Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма қорға, татулас;

Өтірік, ұрлық,
Үкімет, зорлық
Құрысып, көзің ашылмас;
Ұятың, арың оянын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын;
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып баrasың;
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақтың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Күлшікты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөндерге.
Үш-төрт жылғы әдетің
Өзіңде болар жеңдетің.
Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды;
Тарылды кекірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды;
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Максұт — алыс, өмір — шақ;
Өткен соң базар,
Қайтқап соң ажар,
Но болады құр қожақ?!
Нени дең қайтар жол емес,
Нікол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,
Жұз кісі сүмға
Әлі жетер заман жоқ;

Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ;
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сезуар, білгіш,
Законшік, көргіш —
Атапбақ — мақсұт, мақтапбақ;
Жасқанып, қорқып,
Жорғалап, жортып
Именсе елің, баптанбақ;
Қарғаганын жер қылмақ,
Алқаганын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,
Қорқытқан сенің —
Өнерің қайсы, айтып бер?
Ел аңдып сені,
Сен аңдып оны,
Қылт еткізбей бағып көр.
Ойнашы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,
Бір жалғыз озің
Баға алмай, басың сандалар;
Баурың тартқан,
Сырынды айтқан —
Сырласың сырт айналар;
Ол қаны бұзық ұры-қар
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан бол,
Лиқа-басы шаң бол,
Және тұрып жылпылдан;
Жығылып тұрып,
Бүйни құрып,
Тағы қуып салпылдан.
Абүйир қайда, ар қайда?
Оз басыңа не пайдада?

Ит үрсе, бала
Таяғып ала
Құады итпен кектесіп;
Үрысқансып: «ой» дәп,
«Уят» деп, «қой» деп,
Үлкендер тияр: «тек» десіп;
Оны білсөң, мұның не?
Мен де үят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға;
Білмеген соқыр,
Қайғысыз отыр,
Тамагы тойса жатуға;
Не ол емес, бұл емес
Менің де күнім — күн емес.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздең,
Екі жаққа үцілдім;
Құлағын салмас,
Тілінді алмас
Коп падаппан түцілдім;
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онаң да шықты жаңғырық;
Естісем үніп,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып;
Баяғы жартас — бір жартас,
Қаңқ етер, тұкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім үқсын;
Ішто дорт қалың, .
Ауыздан жалып —
Бүрің етіп, көзден жас шықсын;
Күйдірген соң шыдатпай,
Ію ма екен жылатпай?

Мамықтаң төсек,
Тастай бол кесек,
Жамбасқа батар, үйкы жоқ;
Сыбыр бол сөзі,
Мәз болыш езі,
Ойланар елдің сыйқы жоқ;
Баяты құлық, бір алдау,
Қысылған жерде — жан жалдау.

Атадан алтау,
Анадан тәртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ;
Ағайын бес көп,
Айтамын ептең,
Сөзімді ұғар елім жоқ;
Моласындаï бақсының
Жалғыз қалдым — тап шыным!

Сәүлең болса кеудеңде
 Мына сөзге көңлің бел.
 Егер сәүлең болмаса,
 Мейлің тіріл, мейлің өл.
 Тапымассың, көрмессің,
 Қантаган соң көзді шел.
 Имамсыздық памазда —
 Қызылбастың⁷² салран жол.
 Нөп шуылдақ не табар,
 Билемесе бір кемел?
 Берекелі болса ел —
 Жағасы жайлау ол бір қөл.
 Жапырағы жайқалып,
 Бұлғақтайды соқса жел.
 Жан-жағынан күркірен
 Құйып жатса ақкан сел.
 Оның малы өзгеден
 Өзгеше бол өсер тел.
 Беренесі кеткен ел —
 Суы ашыған батпақ қөл.
 Құс қаңқылдаپ, жағалаң,
 Сулай алмас жазғы төл.
 Оның суын ішкен мал
 Тынқақ тиің, аспас бел.
 Қол дең оны нім жайлар,
 Суы құрсып, ол бір — шөл.
 Едипиңа⁷³ — жақсысы
 Ерген елі бейне нөл.
 Едипиңа нөлсіз-ақ
 Өз басындық болар сол.

Едипица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел!

* * *

Мен жазбаймын олеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр үқпас, талапты үгар,
Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.

Тұзу кел, қисық-қыңыр, қырып келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырны көрмей.
Шұу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын, алдыңғы айтқауды үқпай,
Және айта бер дейді жүрт тыным
бермей.

Сөз айттым Әзірст Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз.
Көрлікті жамандап, өлім тілең,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Өсіре қызыл емес деп, жиренбенеңіз,
Тұбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңгой,
Қызашыл да, қызықыныл да өүре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүшем байқалған гой.
Бес-алтын мисыз бәңгі⁷⁴ күлсе мәз боп,
Қипалмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі, інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Сөзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнашы, керім-кербез
Қанша қызық болады өзіңізге?

* * *

Әуелде бір сұық мұз — ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық —
Бұл — қайраттан шығады, білең керек.

Ақыл, қайрат, журекті бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, қулні де жоқ,
Тұлап, қайнап бір жүрек қылады әлек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшінің жөнін білмек.

* * *

Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жаң жоқ деп ғашық
бولدым,
Меп не болсам болайып, сен амап бол.

Көңілімнің рахаты сен болғансың,
Жасырынба, пұрыңда жаң қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жапсың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алыш,
Жұдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр — үміт үзсе,
Дәмеленсе — ортегер күйіп-жанып.

* * *

Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым;
 Тағдыр етсө алла,
 Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен;
Бүгілді белім,
Жар тайғап соң әр серттеп;
 Қамырықты көңіл,
 Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп кеп заман;
Адам деп мені,
Салмадың сен хат магап;
 Жай таба алмай жүрек,
 Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол — қылған дәрім
Гашығымның жапыпа;
 Оңалдырып ойды,
 Тұзетпей ме бойды?

Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап
Жайыца
Және алдаң,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесің.

Неге әуре етесің?
Қосылышпай,
Басылышпай,
Байыца
Және жаттан
Бай тап,
Өмір бойы қор етесің.

Ет жүрек өртенді,
От бол жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей қормып,
Зармып,
Сен үздің ғой бұл желкемді.

Кім білер өртенді?
Өлім айтпас,
Келсе қайтпас
Kicige.
Бүгінгі күн
Бармын,
Жолдас еттің сен бөтенді.

Ғашықтық — қын жол:
Жұтсөң — жеттің,
Жетіой оттің,
Не болды?
Арманда өмір
Өтті,
Ойлар ма екен бір мені сол?

Салдырап аяқ-қол,
Жетпей сертке,
Ішім дертке
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті,
Мен өлеійін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек — бір жүрек,
Қайта толқып,
Жолдан қорқып
Айнымас.
Шегінісіп
Қайтпас,
Өлсе бір созбен, не керек...

Білесің, сен зерек,
Мен пәндене
Болды деме,
Кел, қарас.
Ешкім согіс
Айтпас,
Рахым қылсаң, кел ертерек!

Шын ғашық мен саган!
Кейіп жүрсем,
Сені керсем,
Ләм-мим дең
Бір соз айттар
Хал жоқ,
Еріп кетер бой сол замап.

Ойыңды сен маган
Бір болмедің.

Тез келмедің
Мені іздең.
Ішінде ыстық
Қан жоқ,
 Тас бауыр жар, бол хош аман!

Жар, сениң көңлің тоқ,
Ақ етінді,
Нұр бетінді
Меншікті
Қылмаган соң
Алла,
 Өзі сорлы етсе, амал жоқ.

Сен аттың жәнсіз оқ,
Тәңрі — қазы,
Тас-таразы,
Теңтекті
Сұрамас деп
Қалма.
Серт бұзғанның, біл, орны — шоқ!

ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар — артылмас.
Бір өзіңнен басқага
Бінтықтығым айтылмае.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де
Көnlім сенен айрылмас.

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маган жарамас.
Тар төсекте төсінді
Иіскер ме едім жалаңаш.

Иығымда — сіздің шаш,
Айқаласып тай-талас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Коз жұмулы, көңіл мас.

Сізде — сымбат, бізде — ықлас,
Осы созім бәрі рас.
Сіздей жардың жалғанда
Қызығыша жан тоймас.

Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Тәң шымырлап, бой еріп
Ішім оттай құйгенде.

Жүрек балқып игенде,
Ішкі сырды түйгенде,
Іздел табар сұңқармын
Жарастықты шүйгенде.

Қылығында жоқ оғат,
Қарап тойман жуз қабат.
Ыстық тартып барасын
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз — қырғауыл жез қанат,
Апі бетінді, бер қарат.
Жақыншай бер жуықтал,
Тамагыңпаи айқалат!

ҚЫЗ СӨЗІ

Қынстырып, мақтайсыз,
Ойласаң, не таппайсыз?
Бізде ерік жоқ, өзің біл,
Әлденеге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сіздей асыл кез болса,
Қайтіп басты шайқаймыз?

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз — жалын шоқ, біз — бір май.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсөң, көңлім жай,
Тастан кетсөң, япырмай,
Ит-қор адам болар ма
Бұл жалғанда сорлыңдай?

Тілегімді бермесөң,
Амалым не, жерлесөң?
Үйір қылма бойыңа,
Шыны жақсы көрмесөң.

Қайғың болар шөрмен тең,
Іара коңлім жермен тең.
Сонсіз маған жат төсек —
Болар бейне көрмен тең.

Сіз бір сүңқар шаһбаз⁷⁵
Жер жүзінен алған баж.⁷⁶

Біздей ғаріп есепсіз
Есігіңде жүр мұқтаж.

Көңлің тұрса бізге ауып,
Шыныменен қозғалып,
Біз — қырғауыл, сіз — түйгyn
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып,
Салмағынан жансылып
Қалсын құмар бір қанып.

Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе, оқи бер,
Бозбалалар, қолга алып.

Мұны оқыса кім тапып,
Жүргіне от жапып,
Сөзді үғарлық жан тапса,
Айтса жарап ән салып.

Өлең жиган тырбанып,
Әп үйренген ыргалып,
Сорлы Көкбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып.

* * *

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат берік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?!

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындағы қыз некен-саяқ.
Піскеп алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,
Лұпілден қан соғады жүргегіце.
Бетінді таяп барсаң тамагына,
Шымырлап бу епеді сүйегіце.

* * *

Қажымас дос халықта жок,
Айнымас сөрт қайда бар?
Алда көрген артта жок,
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсаң, болды кек.
Пайдасынан бой сұыт,
Өзі тимей жүрсө тек.

Пайда, мақтан өзінен
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім —
Тұбі болды бір кейіс.
Жақсы өмірім әуре өттің,
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау қожаңдап бұртайып,
Дос құбылып, әуро отер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай омір отер.

Сыйласарлық тектінің
Кім танымас нұсқасын
Күнде өзімшіл ентінің
Несіп адам ұстасын...

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі тұртіп қозғамай?
Рылымпың біліп пайдасың,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын кеңіл сайласын,
Қолға от түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңда қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса.
Алдыңа айдан кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Луызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

* * *

Жарқ етпес қара көңлім пе қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жок,
Саган жар менен артық табылса да.

Сорлы асық саргайса да, сағыпса да,
Жар тайып, жақсы созден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Көрлық пен мазагына таңылса да.

* * *

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттаң жүре алмайды,
Кім желігіш, қай шеттең қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,
Тәңрі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды, көпті қойып, аз ғанасы,
Арызшы орыс — олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде — мұны,
Қуды ұннatty-ay Семейдің бұл қаласы.

—

ҚАРА ҚАТЫНГА

Қара қатын дегенге қара қатын,
Үзіп-жұлып, алып жүр қанағатын.
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Қазақтың не қыласың шарагатын.⁷⁷





1890

* * *

Бай сейілді,
Бір бейілді —
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек
Босқа селтек
Қағып, елін қармады.

Жөнді — жөпсіз
Соз — теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысан.
Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке ұсал.

Өзі ұлыққа,
Кәдір жоққа
Қарамай, өз халқына
Соз қайырмай,
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына.

Танымадық,
Жарымадық,
Жақсыга бір іргелі.
Қолына алып,
Нәле салып,
Айдығаны өз елі.

Шашты малын,
Берді барын
 Боларында жұртына.
Еміреніспес,
Енді піспес,
 Ұқсамас еш сыртына.

Ел де жаман,
Ер де жаман —
 Аңдырапы оз елі.
Елде — сыяз,
Ойда — ояз,
 Оңбай-ақ тұр әр түрі.

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
 Енді кімге беттемек?
Елің — ала,
Отты шала,
 Тайса аяғың, кім көмек?

Өтті өмірім,
Қайтты көзлім
 Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы,
Жаны тұрғы
 Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,
Сөзге емексіп,
 Не болады мақтаның?
Бейлі шикі,
Ақылы күйкі,
 Осы жұрт па тапқапың?

Ем таба алмай,
От-жалаңында
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Бендеge.

Босқа ұялып,
Текке именіп
Кімді көрсем, мен сонан.
Бетті бастым,
Тұра қаштым
Жалма-жан.

Ұйқы, тамақ
Қалды дым-ақ,
Керегі жоқ іс болып.
Жай жатпағым,
Тыныш таппағым
Күш болып.

Жас журегім
Жанды менің
Жай таба алмай, япырым!
Өзің оңда,
Жақсы жолға
Ақырын.

Жамырайды
Жапырагы

Жас теректің, соқса жел.
Тұсті мойын,
Толды қойын,
Ақты сел.

Мен паң едім,
Бейтам едім.
Еш пәрседеп қайғысыз.
Тез дерттеңдім,
Кейде ортепдім,
Кейде мұз.

и

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
 Қылып тәңрім берген-ді.
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам
 Біздің сөзге ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
 Шықтық, міне белгे енді.
Енді аяңда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
 Қой бұрынғы желгенді!
Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын түйікқа,
 Сергі, көңлім, сергі енді!
Балапан құстай ондалып,
Қанатыңды қомданып,
 Айтапа ұяда қорғанып,
 Ұш, көңлім, көкке, кергі енді!
Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,
 Салсып құлақ ұққандар,
 Өрбі, созім, орбі енді!
Ішто қайғы, дерпт пысып,
Кокиректі өрт қысып,
 Айтуға көңлім тербенди.
Өзің жалғыз, надан көп,

Ұқтырасың сен не деп,
 Әулекі, арсыз елге енді?
Тыныштық сүймей, қышынып,
 Өтірікке тұшынып,
Пәледен тұрмас шошынып,
 Тұл бойын желік жеңген-ді.
Туган жерді қия алмай,
 Тентекті жеңіп, тыя алмай,
 Әлі отырмыз ұялмай,
 Таба алмадық өңге елді.
 Әзелде тәңрім сорлы етті,
 Арсыз елмен әуре етті,
 Жалғыз үйде күнрентті,
 Тағдырға білдік көнгенді.
Адам деген даңқым бар,
 Адам қылмас халқым бар,
 Өтірік пен осекке
 Бәйге атыпдай ацқылдар.
 Тұла бойым шіміренді.
Барма топқа шақырмай,
 Жат үйінде шатылмай,
 Шыдармын ба, япырмай,
 Жатуға шықпай үйде енді?
 Қатыныңың ойнасын
 Көрсөң, білсең қоймасын,
 Не ойлар ең өз басың?
 Сонымен тең біз де енді.

Өзгеге, көңлім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып
Іштегі дерпті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңлім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан неңі ұра алсын?
Кекірегінде оты бар
Құлағын ойлы ер салсын.

Тыңдамаса еш адам,
Өз жүргегім толғансын.
Әр сезіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай әлгенде,
Арттагыга сөз қалсын.

Мендей гаріп кез болса,
Мойни салсын, ойлансын.
Қабыл корсе сөзімді,
Кім тапыса, сол алсын.

Не пайда бар — мың надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дагы бір есті
Ішкі сырын аңгарсын.

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың.
Рылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладагы аңдарсың.

Жүргегіңмен тыңдамай,
Құлагыңмен қармарсып.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарсың?!

1.

* * *

Кейде есер көңіл құрғырың,
Махаббат ізден талпынар.
Ішем деп бейнет сусының
Асау жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат — өмір көркі, рас,
Өлгөн соң ол да үн демес.

Махаббатсыз — дүние дос,⁷⁸
Қайуанға оны қосындар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.

Жүргегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан бәрі — тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.

ЖАЗГЫТҰРЫ

Жазғытұры қалмайды қыстың сзызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың коркі енеді жыл құсымен,
Жайрандастың жас құлар құрбысымен.
Көрден жаңа тұргандай кемпір мен шал
Жалбаңдастар өзінің түрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Құлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа құған жастардың мойны босап
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түие боздап, қой қоздаң, қорада — шу,
Кобелек пең құстар да сайды — ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдан ағады су.

Кол жағалай мамырлап ку мепен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Үнкыр атпен зырлатып тастаганда,
Жарқ-жүрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Ің қатарлап байлаған қанжығана
Қыз бұраңдан жабысып, қылады наз.

Жазга жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай, сайраса сайды бұлбұл,
Тастагы үпін қосар байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырап саудағерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен кобейіп дәulet өнер.

Безендіргеп жер жүзін тәңрім шебер,
Мейірбандық, дүниеге пұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіце аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың қоңлі осіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның бейлі енер.
Тамашалап қарасаң тәңрі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуақ ізден, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жырши құстар әуеде өлең, айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

Құн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Құн — күйеу, жер — қалыңдық
сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Құн қырындап жүргенде көп қожаңда,
Қүйеу келді — ай, жұлдыз к... қысты.

Лай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жап-жапуар қуанар тойға елеріп.
Азаалы ақ корнесін сілке тастап,
Жер күлімдер, озіне шырай беріп.

Құн күйеуіп жер көксеп ала қытай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай сары алтын шатырына
Күннің кешкө кіргенін көрді көзім.

* * *

Асқа, тойға баратұғын
Жаны асығып жас жігіт.
Қолға кетті жауға бір күн,
Тірі адамның ісі — үміт.

Қоғады жау батыр ерді,
Жауға сойқан салғалы.
Қалыңдығы қала берді,
Жатыр еді алғалы.

Асықсаң да, шырагым,
Саған деген құданың
Жазылған қандай жарлығы,
Есіткен жоқ құлағың.

Қалыңдық құшып, сүюге —
Күйеуіне ынтызар.
Келісімен тиуге
Дайындалған ойы бар.

Кейлегін актан тіkkіштеп,
Құні-тұні дем алмай.
Бітіруге жүр күштеп,
Асыққансып, тоқталмай.

Сен асыққап екен деп,
Алла өмірін озгертпес.
Лйтқаның болар ма екен деп,
Мен қорқамын, коз жетпес.

Жара басты кеудені,
Жаудан өлді ар үшін.

Ескөрмей өзгө дүниені,
«Ah!» деп етті жар үшін.

Жамандық тұрмас күттіріп,
Ел есітті, қыз білді.
Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген иекені
Сүйіп кеткен жан екен.
Көзің неге жетеді,
Қосылмақ онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас.

* * *

Ата-анаға көз қуаныш —
Алдына алған еркесі.
Кекірегіне көп жұбаныш,
Гүлдөніп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?

Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әрнені:
Медеу етіп ойы соны,
Жұны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа етті.

Ата көңіл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса;
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса.
Үміті қайдада?
Соны ойла,
Абайла!

Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінорға жарап ол.
Сүйкімі жоқ, құр масыл би —
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла.
Ойбайла,
Іс пайдада?

Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңрі ісіне сен де көн.

Қайғысыз бенде
Көрдің бе
Өміріңде?

Тәңрі сорлы етсо бенде,
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ, ақылы көнде,
Жамбасыңдан жат сұлаа.

Бір жаман меп бе
Дедің бе
Көңліңде?

Тайга міндік,
Тойга шаптық,
Жақсы киім киініп.
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық,
Жоқ немеге сүйініп.
Қүйкентай құтті,
Құс етті,
Не бітті?

Атамыз бар,
Молдамыз бар,
Айтқанына көнбедік.
Арт жағында
Еіз соған зар
Боламыз деп білмедік.
Ұрланып қаштық,
Жолғастық,
Шуластық,

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан
Не жарылдық,
Қалғаннан соң құр надап?
Багасыз жастық,
Бозбастық,
Адастық.

Бозбалалық,
Қыз қарадық,
Қалжың, әзіл сөйлестік.
Ат жараттық,
Сән тараттық,
Әуейілік күйлестік.
Көңілге келер,
Кім жолар,
Кім көнер?

Қайын бардық,
Қатын алдық,
Енші тиді аз ғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла —
Не пайдада?



1891

Замап ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа —
Қойнына тыққан тастары.

Саудасы — ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тығалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Іұр тілменен жигалы.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өрге келіп сүйкенер.

Құлмендең келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектен, секек етем деп,
Шошқа туар сөздері.

* * *

Көзінен басқа ойы жоқ
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңлі тым-ақ ток.
Жайқаң-қайқаң әрнесі.

Білмейсің десе, жел өкпе
Дейді ол дағы тәңрі ісі.
Бірінен бірі болек не
Иемнің әділ бендесі?

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың⁷⁹ тұсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса
Адамның хикмет⁸⁰ кеудесі.

Наданпың көңлін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағардай боп сәлдесі.
Мал құмар коңлі — бек соқыр,
Бүркіттеп кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз үгарлық кем кісі.

* * *

Жаңастықтың оты жалындағ
Жас жүректе жаңғаш шақ.
Талаптың аты арындағ,
Әр қынга салған шақ.

Уайым — аз, үміт — көп,
Ет ауырмас бейнетке.
Бүгін-ертең жетем дең
Көңілге алған дәүлетке.

Қайратпен кіріп, жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалайра» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп, қақтықпай,
Жазасын тауып, жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Күйрігы — шаян, беті — адам —
Байқамай сөнбө құрбыға!
Жылмацы сыртта, іші арам
Көз болар қайда сорлыға.

Досыца достық — қарыз іс,
Дүшпаныңа әділ бол.

Асығыс тұбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Ақ көңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортага.
Ақылы, ары тапшыдан
Құ сөзіп алма қолқага.

Сұм-сұрқия, қу замап
Гүл корінер жігітке.
Кызықты өмір жайнаган,
Кеудесі толып үмітке.

Еір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтанып жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгендे,
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке
Тұра ма құлық жалрамай?

Ары кеткен, алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіде?
«Япымай!..» деп терлесе,
Ар өмес пе өзіде?

* * *

Қызырың, сұрланып,
Лұпілдең жүргегі.
Өзгөдең ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай.
Жөндең ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Ляңдал ақырын,
Жүрекпен алысып.
Сыбдырын, тықырын
Көңілмен танысып.

Дем алыс ысыпып,
Саусағы сұнынып,
Белгісіз қысылың,
Пішіні құбылын.

Иығы тиісіп,
Тұмандал көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жапында — жапырақ,
Үстінде — жұлдыз да.
Елбіроп-қалтырап
Жігіт пән ол қыз да.

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.

Жүрекке құйылып
Жан рахат бір сәуле.

Жүргегі елжірең,
Бұындар босанып.
Рахатпен әлсірең,
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, женілдің!..

Көзімнің қарасы,
Коцлімнің санасы,
Бітпісінді ішімде
Фашықтың жарасы.
Қазактың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтура келгенде
Қалқага сез дайын.
Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сейлең созбайын.

Тереңдең қарайсың,
Телміріп тұрмайсың.
Бихабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың.
Сан кісі мұңдайсып,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемің, жанамын,
Еш рахым қылмайсың.

Ләқымсыз би болмас,
Соулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ
Адамда ми болмас.

Шын асық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас.
Арызымды айтайын,
Күй болар, құй болмас.

Кең мандаі, қолаң шаш
Я бір кез, я құлаш.
Ақ тамак, қызыл жұз,
Қарағым, бетіңді аш!
Қара көз, имек қас,
Қараса жаң тоймас.
Аузың бал қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел
Солқылдар, соқса жел.
Ақ етің үлбірең,
Өзгөше біткен гүл.
Қарағым, бермен кел,
Бізге де көңлің бел.
Қалқамның нұсқасын
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғың — қыс, жүзің — жаз,
Боламын көрсем мәз.
Құлқің бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.
Кісімсіп дурдараз,
Бұрандаң қылма наз.
Мал түгіл, басымды —
Жолыңа берсем де аз.

Исің гүл аңқыған,
Нұрың күн шалқыған,
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған.
Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан.
Қызыл тіл шыға алмас
Мақтаудың шартынан.

Сенсің — жаң ләззәті,
Сенсің — тән шәрбеті.

Артықша жаратқан
Алланың рахматы.
Көрік — тәңір дәuletі,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік —
Пайғамбар сүндеп.⁸¹

Не десем саған еп?
Ғашығың да қайғы жеп.
Өртөнген журекке
Бір көрген болар сеп.
Біздердей ғашық көп,
Қайсысы саған дөп?
Жәндеп те айтпағым,
Жүргім лұпілдеп.

Назына кім шыдар?
Бураңдаپ жур шығар.
Қасқая күлгөні.
Қылады тым құмар.
Ер емес қымсынар,
Әркім-ақ ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көңлім
Күн бар ма бір тынар?

Менсінбеуші ем надаңды,
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Ташшадым көмек өзіме,
Кеп нағанмен алысын.
Кенбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысын.

Жан шошырлық түрінде
Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекіді кейін шегініп.

«Әринемен» ел кетті,
Қоқиланды, мақтанды.
Қуат бітті, күң өтті,
Жарылқа, құдай, жатқанды.

Мен — қажыған арықнын,
Катын, бала қонағы.
Сендерге де қанықнын,
Жұртың анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұрттың деуге арлымын,
Өзге жұрттан үялып.

Барымта мен партия —
Бәрі мастық, жұрт құмар.

Сызыра елірме, сүркия,
Кеп пияншік нені ұғар?

Татулықты, тыныштықты
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен құлықты
Қызық, көрер, еңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жүрт, не ылажы?

ЖҰМБАҚ

Алла мықты жаратқан сегіз батыр
Баярыдан соғысып әлі жатыр.
Кезек-кезек жырысып, жатып-тұрып,
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

Шешүі:

Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Іыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,
Жақсылық пен жамандық — болды сегіз.

ЖҰМБАҚ

Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әр түрлі кен.
Ішінде жұз мың түрлі асылы бар,
Солардың ед артығы немене екен?

Шешүі: төмір.

ЖҰМБАҚ

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен —
Соның білсең, әрнені білгендерің.

Шешүі: беймекке құмарлық.





1892

* * *

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,
Сырласалың, бермен қайт.

Абұйыр, атақ сол жанда —
Кімді кеп жүрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайды,
Кеп мақтауын таппаса?

Кеп тәңрі атқан мақтай ма,
Ол тәңрі атқан болмаса?
Жоқты-барды шатпай ма,
Кептің өзі оңбаса?

Мақтау — жел сөз жанға қас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса, боқтамас
Ел табылса, құмарлан.

Жүрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек?
Екі сөзді тәңрі атқан —
Шыр айлалған дөңгелек.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды аңдамас.

Б..... байы — ақша,
Ер жақсысын таңдамас.

Мен — мақтаниң құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антүрган көп пұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегенің —
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің —
Ойлай берсең, у екен.

* * *

Жүргегім, ойбай, соқпа өнділ
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсід бе, тоқта өнді,
Кімге сенсең, сол шикі.

«Жетім қозы — тасбауыр,
Түңілер де отығар».
Сорлы журек мұнша ауыр
Неге қатты соқтығар?

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит журек.
Тірілікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Жоқ деп едің керегің,
Топ жиып ең бір болек.
Кезек келер демедің,
Ендігі керек қай керек?

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң
Зар шыгады тілімнен.
Қайтіл қызық көремін
Әуре-сарсаң қүнімнен?
Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.
Қайғылы, қартан біздей шал,
Қарай берсең, қайда жоқ?
Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.

Ақыл бітпес дәuletке,
Дәulet бітпес келбетке.
Болымсыз құлық, тойымсыз
Болды балаң жергекте.
Ішімен жау боп, сыртымен
Кім тояр қылған құрметке?
Көңшіліктеги тұған жоқ
Шықсын деген жел бетке.
Тарлықта қаша тайпалса,
Қадірі болмас, әлбетте.

Сыйласа елің ұлықтап,
Араласаң қызықтап.
Қызық пенен тыныштықда
Қазақ тұрмас тұрықтап.
Қаңқылдаң біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап.
Тебінісіп қамалар,

Тоқтатып болмас сырғытап.
«Тұзу бол» деген кісіге
Тұзу келмес ырықтап.
Сырдаң тартып қашады,
Ұстайсың қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаңыз,
Айтайын, құлақ салсаңыз:
Кейбіреуі дүрсіп жур,
Жер тәңрісіп кер мағыз.
Кейбіреуі законшік,
Оңдырмассып, берсе арыз.
Кейбірі шірге қол берген,
Іші — залым, сырты — абыз.
Кейбірі қажыға барып жур,
Болмаса да қаж парыз.
Мұсылмандық ол ойлан,
Отеген қашан ол қарыз?

Дәuletі жоқ бурыл шаш,
Үйіне кет, тоңтан қаш!...
Ағайының ішінен
Шыға қалса тай-талас,
Партия жиып, мал сойса,
Бата оқисың, жейсің бас.
Басалқа сез сенде жоқ,
Айтқан сезің: «Малың шаш».
Итше індеп тілемей,
Жат үйінде, өлсед де аш!
Ойлан-ойлан қарасам,
Осындай шал қайда жоқ.
Қозғау салып қоздырғыш,
Кезбе шалдан пайды жоқ.

ОСПАНГА

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек сұынбай,
Жан біткеннең түзілмей,
Жағалай жайлау дәулетің —
Жасыл шебі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің —
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтаң қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, яшірмай!

ОСПАНГА

Кешегі Оспан —
Бір бөлек жан.
Үйі — базар, түзі — той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
Ат та мінсе, көнді ғой.

«Ала берден»,
«Келе көрден»
Бір күн басын бүрдым а?

Келді қапташ,
Алды сап-сап,
Кетті мақташ, түрдым а?

Жауга мылтық,
Досқа ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Корықпай етті,
Жанға жетті,
Армана етті досынан.

Ел тамагын,
Жүргіт азабын
Жеке тартқан кетті гул.
Сондай ерді —
«Ала берді»
Табар енді біздің ел!

Өлді Оспан,
Кетті шопан,

Енді кім бар бақ қонар?
Үрла-қарла,
Жұртты шарла,
Ойла, барла — не болар?

Жұрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз,
Енді оларға сез де жоқ.
Сырты абыз бар,
Желқабыз бар,
Алты ауыз бар — өзге жоқ.

* * *

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әрнені.
Бір себепсіз қайғы күр
Баса ма екен бендені?

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңілде.
Қайғырамын, жатамын,
Нени іздеймін өмірде?

Қайтты ма кеңіл бетімне,
Яки бір қашыл қалдым ба?
Өткея күйге өкінбен,
Әм уміт жоқ алдымда.

Іздегенім тәтті үйкес,
Дүниені ұмытып.
Өлімнің сұық дым сыйкы,
Тұрсын өмір жылдытып.

Көз үйкыда, ой тынышын,
Дем алып жатсын көкірек.
Кім таласса, кім ұрыш
Көрсем оны — сол керек.

Өзім аулақ бетінен,
Бір орында оцаша.
Дүние деген не цеген —
Қыла жатсам тамаша

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мақтан іздеген.
Мақтанынан не туар,
Ыза қылып өзгеден?



1893

* * *

Ысытқан, сұытқан
Бойынды бір көділ.
Дүниені ұмытқан
Құмарың тозар, біл.

Әуелгі кезінде
Қайтпаған көнілдің,
Есептей езің де
Тұрінен өмірдің;

Бір жақсы күнім деп,
Қызықпен сөйлесіп,
Артынан «ол нем?» деп,
Ұялып кезнесіп.⁸²

Бір ақымақ әнгіме
Сықылды көрінер.
Онысын әңгеге
Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,
Надандықпен жеңілмес.
Білген кісі айтса оған,
Надандығы кемімес.

* * *

Бойы бұлғац,
Сөзі жылмаң —
Кімді көрсем, мей сопан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында
Тұл бойында
Бір міні жоқ бевдесіп,
Тұзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Берменмен кетісер.
Адам аулаң,
Сыпыра саулаң,
Байды жаулаң жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жүргі құтыртқан,
Антың, арың саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдал атты алмалап.

Кедейі — ер,
Кеселі вор,
Малды байдан сорлы жоқ.

Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гу де гу.
Байы — баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сызыра ку.

Ақы берген,
Айтса көнген,
Тыныштық іздер елде жоқ.
Ақда тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан бенде жоқ.

Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сызыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр таш-тақыр.
Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма,
Сызыра жылмаң желбуаз?
Айтты — көндім,
Алды — бердім,
Енді өкіндім — өзіме аз.

Жақсылық ұзак тұрмайды,
Жамандық әр кез тозбайды.
Үміттің аты елеріп,
Қос тізгінді созбайды.
Қос теккіні салсаң да,
Уайымнаң озбайды.
Бір қайрыны ойласан,
Жұз қайрыны қозғайды.
Жер қорығын желгек шал
Желіп жүріп боздайды.


Құрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жұзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елемес.
Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес.
Шыдасаң есті қашырмай,
Құлдатып, қор қып жібермес.

Кез келсе қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туран — ол да жат,
Күңкілдең берер сазаңды.
Бәрінен де сол қымбат,
Қайтерсің еңкей наданды.
Сылыра батыр сүм құрбәт⁸³
Мактапмен алды мазамды.

**БАЙМАҒАМБЕТКЕ
ҚАТЫНЫНЫЦ
АТЫНАН
ШЫГАРЫЛҒАН**

Ажынның жақсы-ақ қызы едім,
Жетістірәм дег алды.
Тілеуін тұздең тілесе,
Баста мені неге алды?
Сол желіккеннең желігіп,
Жынды сары жоғалды.
Ойбайлаған болайын-ай,
Жоқтамасам, обал-ды.





1894

* * *

Авшенен тарқайды,
Жылса кенеске.
Ор қазып байқайды
Туа жау емеске.

Анттасын алқайды,⁸⁴
Сен тентек демеске.
Кім анттан шалқайды,
Амал жоқ жемеске.

Аз адам шаршайды,
Ебіне көнбеске.
Басы ақыр қайқайды,
Амал жоқ өлмеске.

Ел састы, аңқайды,
Би тартты егеске.
Жүрт тағы мал жайды
Ой қылар бермеске.

Өсімге қол жайды,
Тай алып серкешке.
Алмаса ол тайды,
Дап-дайын көрмеске.

Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.

Саумаққа ол байды
Кеңесер би жепке.

Қайты жып болмайды,
Өкпелеп білмеске.
Сүйтсе де оңбайды,
Бұрынны түсті еске.

Пысықтар шалқайды,
Таласып тендеске.
Қагысып шонтайды
Өзімен жемдеске.

Таласып тарқайды
Ақшадан төрт-беске.
Бірлікті шайқайды,
Араз бол өнбеске.

* * *

Қарашада⁸⁵ өмір тұр,
Тоқтатсаң, тоқсан⁸⁶ көнер ме?
Арттағы майда көділ жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?

Майдагы жүрттың іші қар,
Бәйшешек қарға сөнер ме?
Інніде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?

Талашпен ұшың, талпының,
Шар тараңты қездемес.
Пайданы қуып алқының,
Өзгени әсте сез демес..

Кеудесі — толған құлық ой,
Бәрі де пысық, езбе емес.
Құмары оның — айт пен той,
Пайда мен мақтан — өзге емес.

Алдағым, ұрдым, қырдым дән,
Шалықтаң, шалқың, шатпай ма?
Қашысын аңдың түрдым дән,
Құлырын бұлдаң сатпай ма?

Момышпап жамаң қорқақ жоқ,
«Қу», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?

Жас өспірім замандас қапа қылды,
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.
Тұрлау қылып еш·нәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ серменде, өңкей жынды.

Жамандық, жақсылықпен — оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.
Арын сатып, ант үрып іздегені —
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді,
Ынтастың қайтіп өнер үйренеді?
Еңбегі жоқ, ешпенен мал табам деп,
Сендерге алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда — мұнны,
Жанын берсе, табылмас сездің шыны.
Алты жақсы, жұз жылқы болған басы,
Бір семіз ат болады оның құнны.

Малға сат, пайдаға сат қылышынды,
Ылайла ылай оймен тұнышынды,—
Сонда әмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей үрламақ қызырынды.

* * *

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл.

Ол тілге едік оңтайлы
Қаріпсіз біліп сондайды.
Біліп-ақ, ұрып қоюшы ек,
Енді ішіме қонбайды.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш, дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да құғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсөң бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйті алма.

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзбекен.
Құндестігін қоздырып,
Азапқа қалма өзбекен.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далага.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

ЕСКІЛПҚ КИІМІ

Ойланып ойра кеттім жүз жылғы еткен,
Төс қабаттан кигенім — шидем шекпен.
Жойде-дамбал ақ саңаң, жарғақ шалбар,
Жырым балак, матамен әдіштеткен.

Мықшима аярымда былары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызгар етіп.
Үлкен кісе белімде жез салдырган,
Шақпағым, дәндәкуім⁸⁷ жарқ-жүрқ етіп.

Күлонера бастырган пұлшақ тымак,
Ішиң бауын откізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіл ал, жішпен қадап,
Артын белге қыстырган бар құрысқақ.⁸⁸

Қалмақы қара үзенгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жілтен шідер.
Жарғақ жастық, кепшігім жезді пыстан,
Бір көлікті сайманым толқа мінер.

**ӘБДІРАХМАН
НАУҚАСТАНЫШ
ЖАТҚАНДА**

Я, құдай, берө көр,
Тілегөн тілекті.
Қорқытпай орнықтыр
Шошығаң жүректі.

Шын жүрек елжірең,
Алладан тілеймін.
Шын қалқам осы күн
Болып түр керекті.

Жүргегім сұылдаң,
Сүйегім шымырлаң,
Алладан тілеймің
Құпия сыбырлаң.

Зар етсе бендесі,
Бермей ме алласы
Тәз саулық қалқама,
Қабыл бол көз жасы.

Не жазам, япымрау,
Қол — шорқақ, тіл — мақау.
Сәләмат өзінді
Кешікпей көрсем-ау.

Бір сұып, бір ысып,
Барады іш лысып,
Жүзінді бір көріп,
Сүйгенше бір құшып.

Бір үміт, бір қауіп,
Көңілге жол тауып
Кірген соң, сөз қынын,
Әрнеге ой ауып.

Екі ай-ақ не қылыш,
Басқаша ауырып,
Япымай, докторлар
Жұрмесін жаңылып.

Жаралап ауыз ашты,
Жарасы жарасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен үйқы ашты?

Алмаса докторға,
Нанбаңыз соққырға.
Визитке төлемей,
Шырагым, бос қалма.

Ол жесін, ол жұтсын,
Шырайын жылтыснын.
Ақшаны аяма,
Үйқыны тыншытсын.

Әбсәмет жиенің,
Ол — сенің біреуің.
Достығын достықпен
Өтемек — тілеуім.

Көңілдің қоштығы —
Ол оның достығы.
Барад ем, қолымның
Болмады бостығы.

Сарғайды жүзіміз,
Сарылды көзіміз.
Қатайып сауықсаң
Сағынған өзіңіз.

Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.
Қуатың ерік берсе;
Кешікпей келіңіз.

Туа, ескен жеріңіз,
Тұмсқан еліңіз
Зар бол түр көруге,
Ұнатса көңліңіз.

Уайым жеуліміз,
«А, күдай» деуліміз.
Жазылып келсөңіз,
Гүлденер өміріміз.

ӘБДИРАХМАНГА

Алданың рахматын
Жар тұтып әрнеге.
Ар-Рахман⁸⁹ ол атын
Үйреткен жүмлеге.⁹⁰

Дұғамның қуатын
Жіберме өндеге.
Әбіштің сиқатын
Беркітсең кеудеге.

Рәушән сиқатын
Тез көрсет бендерге.
Осындай шапқатын
Ұмытам мен неге?

Зар хатым — бұл хатым,
Бізді тыныш жүр деме.
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.

Бұл — жазған сұңратым⁹¹
Көңіл ашар бір наме⁹²
Менің сол рахатым
Көзіме сурмелеге.

ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Тілім, саған айтайын,
Осы сездің келісін таң.
Қолым, сені қайтейін,
Қаламды тұрдың қатты ұстап.

Жүректің сезін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма.
Ку кесе қандай өзімшіл,
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қараң бақ,
Тамыр соқса солқылдаң.
Мен жазайын сівге хат,
Оқып көрсін ол шындал.

Оқып көріп, байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме?
Ұрлаган сез деп айтасың,
Сөз үрлыққа жүре ме?

Kisi айтпаған сез бар ма,
Teris ұзар қай құлак?
Сөккенің оны ұнап ма,
Үйренген сезге мен де ортақ.

Тұла бойым, балқи кер
Әбіш ағам дегенде.
Мейлің, Мағаш, шалқи бер,
Не десең де сөгем бе?

Көріскен соң бір дідар,
Алла оңғарып келгенде.
Сынаушы сонда табылар
Мұнда жатқан елден де.

Төсекке менің жатуым —
Үйқыга әбден талған соң.
Үстазым мен татуым
Сен екеуің болған соң.

Жас жүрегім қозғалса,
Бір аллага тілегім.
Ол, қарағым, оңалса,
Тыншыр еді жүрегім.

Жұздерінді сау көрсем,
Екі көзім ңұры еніп,
Қосылысып бір журсем,
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс, жете алмай,
Магаштаң да мен сорлы.
Қызметінді ете алмай
Қалмас едім сол құрлы.

ӘБДІРАХМАНҒА ҚӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Көзімнің нұрысыза,
Сісіз жоқ қуаныш.
Өмірдің гүлсіз,
Көңлімә жұбаныш.

Зар қылыш тілеймін
Рахметін алланың.
Елжіреп жылаймын,
Көңлін аш пәндениң.

Сиқатын қалқама
Бере ғер, я, рахим.
Тілегім бұл ғана —
Қайтымды қыл шағын.

Аратай, сағындым
Есен-сау көрмекке.
Сөз таптай аңырдым,
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің
Ешбір жоқ қызығы.
Жарапы көңлімнің
Жазылмай сзығы.

Мақсатым хатымды
Аз уақыт болса ермек.
Сөзім жоқ татымды,
Хошлықпен көріспек.

ҚЫЗДАРҒА

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен,
Адалдыққа бар елдің зоры Бәкен.
Ұры-қары көбейіп, к... шемейтіп,
Неге болды бар елдің қоры Бәкен?

Лекер, Бітімбай мен Атальқты,
Жанқожадан кім көрген қапалықты?
Байұзақ одан соңғы адамы еді,
Бәрі де кісі-ақ еді қасалықты.⁹³

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
Екеуі бітім десе, басын шайқар.
Екі елерме бітімге жең келер ме,
Ақылы болмаған соң артын байқар?

Сезіннің басы ыржаң, соңы қылжаң,
Жүгендің журе бермек — сенің ырзаң.
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,
Заманыңың тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдаң, шықса құлген,
Елірмелі Досаққа кісімсінген.
Бұл толта маған айттар кісі бар ма,
Дауылбай мен Қыздардың жөнін білгель.

Айтқожаның құлышы сені елірткен,
Бір дем салса, күшіктей соңына ерткен.
Монің терім тарылыш келе жатыр,
Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен.





1895

* * *

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлаң, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме дег айтқаимын.

Қазақтың өзге жүрттап сөзі ұзын,
Бірінің бірі шашшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жүртім-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланышы, сыртын қойып, сөздің ішпін.
Біржандамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал бага алмай.

Аш қарын жұбана ма майлды ас жемей?
 Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
 «Бір тойған — шала байлық» деген қазақ
 Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кеңей,
 Тамақ аидып қайтеді тентіремей?
 Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
 Ол немеиे жоқтықтың әсері емей?!

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
 Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.
 Өз пұлтыңмен халіқ жоқ күнде тояр,
 Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Өз үйіңнен тоярга қолың қысқа,
 Ас берер ауылды іздең журсің босқа.
 Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
 Дереу сени жұмсайды бір жұмысқа.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
 Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
 Қаруыңың барында қайрат қылмай,
 Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
 Еңбек қылмас ерівшек адам болмас.
 Есек к... жусаң да, мал тауып кел,
 Колға жүқпас, еш адам кеміте алмас.

Кұлышқ, сұмдық, үрлықпен мал жиылмас.
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыыйымас.
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

Асаған, үрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып тамақ аңдып.
Бұрандағ жылы жүзін аскә сатқан
Антүрганға қосылмай, кел, кет қаңғып.

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңра ұста,
Көзеген ит тым-ақ кеп біздің тұста.
Өз үйіне жиреніп, қашып жүрген
Антүрганға қосылма қапылыста.

* * *

Балалық өлді, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке қөндің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе?
Баянсызға тәндің бе?
Әлде айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді
Қорадан шықпай, өлдің бе?

Дай суға май бітпес қой өткенге,
 Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
 Сол қасқырша алақташ түк ташпадым
 Көңілдің жайланаң ел кеткен бе?

Берген бе тәңрім саған өзге туыс?
 Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
 Шарықташ шар таралтав көңіл сорлы.
 Таппаған бір тыянақ не еткен қуыс?

Күні-тұні ойымда бір-ақ тәңрі,
 Өзіне құмар қылған оның әмрі.
 Халлаққам⁹⁴ мақлұқ ақылы жете алмайды,
 Оймен білген нәрсенің бәрі — дәһрі.⁹⁵

Өзгегі ақыл ойға қондырады,
 Біле алмай бір тәңріві болдырады.
 Талып үйықташ, көзінді ашысымен,
 Талпыныш тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, шубәлі ой алмаймын,
 Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
 Ақылдың жетпегені арман емес,
 Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан,⁹⁶
 Түп иесін көксемей бола ма екен?
 Жөнне оған қайтпақсың, оны ойламай,
 Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы — тар соқпақ, бір иғев жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жок,
Кулаң кетпе, тура шық, кезіңе бақ.

Өлсө өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-кулмес.
«Мені» мес «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойылты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырган,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтүгін артына сез қалдырган?

Кім журер тіршілікке көніл бермей,
Бақи⁹⁷ қоймас фәннидің⁹⁸ мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақиretke бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей бол орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға⁹⁹ амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

ЭБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Аргы атасы қажы еді,
Бейістен татқан шәрбетті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозрапты, тыныштық берменті,
Мал түгіл, жаңға мырза еді,
Әр қыныңа серменті.
Мұнды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінің кеңілін тыңдырып,
Біреуін ала көрменті.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп, жерменті.
Қазақтың ұлы қамалаң,
Ізделев жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ал қайтқан
Өлгенше болар өрмек-ті.
Ол сыпатты қазактан
Дүниеге ешкім келменті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көндін бөлменті.
Жарлығына алланың
Ерте ойлаган көнбек-ті.
Олар да тірі қалған жоқ.
Тірлік арты өлмек-ті.
Оны да алды бүл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Кешегі еткең ер Әбіш
Елдев бір асқан ерек-ті.
Жүргі жылы, бойы қурыш,
Тұсынан бөлек-ті.
Өнері оның жүрт асқан,
Ғылымға көдлі зерек-ті.
Аямаган гаріштев
Қолдаған келгев көмекті.
Кісіге сідег¹⁰⁰ жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлеңті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаган өлімнен
Жасқанамын демекті.
Тағдырға тәбділ¹⁰¹ бола ма,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Тұл-бойның ұят, ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талағанпен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойра кәрі едің,
Атаңың атын жоймаған.
Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?

ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Жиырма жеті жасында
Әбдірахман көз жұмды.
Сәулең болса басында,
Кімді көрдің бұл сыйнды?

Дүниелікке кәнді ток,
Ағайынға бауырмал.
Текәппар, жалған онда жок,
Айнымас жүрек, күлкің — бал.

Ғылым оқып білгенише
Тыным, тыныштық ташпаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздеп жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле толмаса?

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дөрттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Құтілті тәңрі жарлығын.

Қалжыңы-шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп.
Бөтен көзде көрсө жас,
Ойнаймын деп күлдіріп.

Аз өмірін үзайтқан,
Ғылымға бойы толған соң.

Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланаң әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады.

Құйрықты жүлдyz секілді
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген екінді,
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.
Қынысынбай өлімді ол,
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін,
Қаразға жазған арызын.

Көргені мең білгөні
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені —
Арманда бол қалды дең.

Жаңа жылдың басшысы — ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген ашы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды күйгендей,
Ол қуатым еді рас.
Көзге қамшы тигендей
Шыр айналды артқы жас.

ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Талаптың мініл тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді інкәрің,
Әр қынға сермедің.
Кезінді салдың тұргыға,
Бейнетің қызы көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.
Бала болдың, жас болдың —
Жалғандыққа ермедің.
Тере болдың, бас болдың —
Кекірегінді көрмедің.
Ел ішіне сау келсөн,
Тағлым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп соңда өлсөн,
Арманым бар дер ме едім?
Іздеп табар жалғаннан
Бала берген бенде едім.
Бенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

ӘБДИРАХМАНҒА

Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдаи қайтпаған.
Жақсылық қылар орында
Аянып бойын тартпаған.
Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талшынып,
Ғылым іздең, жатпаған.
Түрленіп «тере болдым» дег
Есерленіп шатпаған.
Жұз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған.
Жүйріктікен шалқымай,
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Отіріксіз турашыл,
Еш сезі жок таппаған.
Сыйласарлық кісіге
Түк қалмайтын сақтаған.
Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса қақпаған.
Білдіруші ең үздемей
Істі қылған жақтаған.
Ағайын мен туранды
Тірілікте мақтаған.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕН СОҢ ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ

Берменең құлға, қайтесін,
Жұлдынарлық ерікті.
Ажал тұра келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Фаріштікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым
Ажалың да беріпті.
Сақта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалызы тіректі.
Тағдырына тәбдил жоқ,
Тәубе қылсақ керек-ті.

Көркіден, пілдей қуатты,
Тағы, арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қанаарман, Фали білекті.
Өз заңымша үқсаттым
Берген құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті.

Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жаңжал шатақты.
Ерекісекен жауларын
Кісен салып матаңты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырган гаріп, жатақты.
Ескендері, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманданды атақты.

Мұқым казақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылыш,
Басын жиыл құрапты.
Мекеде уақып¹⁰² үй салыш,
Пәтер қып, жаққав шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты.
Ажал уақты жеткен соң,
Соның да гүлі қурапты.
Қажыны¹⁰³ алған бұл өлім,
Сабыр қылсақ керек-ті.

**ӘБДІРАХМАННЫң ӘЙЕЛІ
МАҒЫШҚА АЙТҚАН
ЖҰБАТУ**

Жылағанды тоқтатып,
Ынсан қылсақ жарайды.
Қоймасаң, қайғы ауыр бол,
Тұл бойыңда тарайды.
Қызыл гүлің суалып,
Ақ кеңлің анық қарайды.
Һәммә жанды ауымен
Патша құдай сыйнайды.
Бір сен емес, жылатқан
Сыңарын алып талайды.
Бәрімізді аясаң,
Тоқтау қылсаң ұнайды.
Ұмытқаның жарамас
Жаратушы құдайды.
Халық билеген патшалар,
Уақыты жетсе, құлайды.
Дәл уақыты жеткенде,
Талайдың гүлі қурайды.
Рәсулді алған бұл өлім
Кімнен жәнді сұрайды?
Қандай адам бұлқынып,
Бұған көнбей тулады?
Мен білемін, қайтейін,
Мұндай асыл тумайды.
Қанша жыласп налысан,
Сонда да ерікке қоймайды.
Алғысы келсе, дүниенің
Айтқанына болмайды.

Ойласаңшы, Мағышым,
Кімнің гүлі солмайды?
Артын тіле құдайдау,
Бір қалыпты тұрмайды.
Үсті-үстіне бастаса,
Сонда бенде оңбайды.
Жылама, Мағыш, жылама,
Алладан елім тілеме!
Колдан ұшқав ақ сұңқар
Қайтып келіп қонбайды.
Бір шешеден тұганда
Бәрінең кетті тәуірім.
Көтермеске амал жоқ,
Көрдім дүниe ауырын.
Аясаңшы, апырмау,
Әке, шеше, бауырын!
Бойды жеңіп, тоқтау қын,
Сұрасаңшы ақырын!

Тоқтамады, тұрмады,
Кетті ортадан асылым,
Тәкәшпар, зор қекіректі
Көтеге алмай басылдым.
Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым?
Ойламадым туғанды,
Бір өзіңе бас ұрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыца қараң абын ұрдым.
Ойламадым еш жанды,
Өзіңе ердім оңаша.
Рахаттанып, мақтанып,
Қылушы едім тамаша.
Шыны сорлы — мен дағы,
Мағыш байқап қараса.

**ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ
МАҒЫШҚА
ШЫҒАРЫШ
БЕРГЕН ЖОҚТАУ**

Айналайын құдай-ау,
Капалың салдың жасымнан.
Шешенің зарын тарттырдың.
Бес жасымда басымнан.
Сейлемей бенде шыдамас
Кайғы отына ашынган.
Жарымды көрмей неше жыл,
Капалықты асырган.
Жарымды алыш қор қылдың
Жас өмірде тасынган.
Айырып, от қып өртедің,
Әбіш сывынды асылдан.
Әбішті алыш күл қылдың,
Кызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қын
Өткізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан.
Жарық сәуле көрмедин
Шықталы ана қарнынан.
Күйік күшті түскен соң,
Кетеді екең сабырдан.
Кызықты күнім қалмады
Жылаған айтып зарымнан.
Көре алмай зар бол айрылдым
Құдай қосқав жарымнан.
Өзгеше болыш жаралған,

Таныған жаң қалпынан.
Тілеуді кесіп құдайым,
Зарлатып қойды артынан.

Құдай салды жүрекке
Жалғанда бітпес жарапы.
Көре алмай қор бол қалған соң,
Кете ме іштег арманы?
Сәулемді құдай алған соң,
Сарнамасқа шара не?
Кез келтірді, құдайым,
Құтылмас маган дараңы.
Қалқамды алыш, құдайым,
Басыма салдың қарапы.
Өзі түгіл, көрмедім,
Ізі жоқ басқаң табаны.
Қүйдіріп, құдай алмады,
Бенденің құрыр амалы.

Қылышыңа жете алман,
Қашшалық тіммен айтқанмен.
Басыңа құдай берілті
Өлшеусіз қылыш ақылын.
Сабыр мен тадап берілті,
Ақылың, рахымың қын-ды.

• • • •
Откен күнгі қызығым
Ұйықтаң көрген түстен кем.
Қараңғы түнде қапалық
Жүректі басты, шықлас күн.
Қолдан келгей қайратым —
Барымды айтып шыққан үн.
Көңдімнің күні ешкен соң
Қайғылы қара болар түн.

Жыламай бенде шыдамас,
Қарагымды алған соң.
Сагының корғол қызықты.
Көро алмай зарлап қалған соң.
Лішпадың, алла, қабакты,
Қылмадың қабыл тілекті.
Өле алмай шыдап отырмың
Зор құдайым салған соң.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,
Қызықты күннің шетіне.
Өшірмек алла болған соң,
Бенденің қоймас еркіне.
Өлмектен басқа дауа жоқ,
Алланың салғаш дертіне.
Құтылмас құл жол таппас
Иенің салғаш ертіне.

Жалтыр құздан құладым,
Қолымнаң кетіп сүйеніп.
Көңлімнің күні өшкен соң,
Жалғанда болмас жұбаныш.
Өмірді қылдың, құдайым,
Қызығы жоқ, қүйініш.
Үмітсіз өмір бітірді
Жүрекке мұз бол ерімес.
Өзгеше болып жаралған,
Айрылдым қалқам жарымнаң.
Сол қалқамды қоймаған.
Замана неткен тар еді?
Жасымнаң өтті демегің,
Күн шыққандай қараңғы,
Кешегі түннің жарығы.

Сабыр қылыш шыдарға,
Қайғы оты асты күшімнен,
Қызықты күнім қалмады
Әбішті көрген тусімнен.
Сағыныш зарын білдірмей,
Жүруші едім ішімнен.
Қылығың, қалқам, кетер ме
Жалғанда менің ойымнаң?

Сағынсан да алыстан,
Жүруші ем күнше жылынып.
Қызықтың заңтар басынан
Корлыққа кеттім жырылып.
Қудай қосқан қосақтав
Жалғанда қалдым жырылып.
Қайғында қалдым қамалып,
Қызығым кетті сырлылып.

Көре алмай қалдым қалқамның
Дәл екі жыл қызығын.

Жүректегі жазылмай,
Тағдырдың салдың сызығын.
Өмірдің, алла, беріпсің,
Құндағы өртерлік шыжығын.
Баяны жоқ, байлаусыз,
Тілекте жоқ бұзығын.

Сағынсам да, үміт бар,
Болушы еді қуаныш.
Қалқамнаң қалдым қарс үрып,
Қайткенде болар жұбаныш?
Алла берген арманға
Ан үрсам болмас алданыш.
Сабыр, тағат қылуға
Қоймады күйік бойыма ес.
Әбіш сынды жарымнаң,
Айрылған соң барымнаң,
Жалғанда болмас жұбаныш!

Кешегі Оспан аласы
 Кіеінің малын жементі.
 Мал суратан кісіге
 Жоқ, қайтемін дементі.
 Қуаты артық, ойы кең,
 Жүрттың бәрін шенекті.
 Досына даł — жаз, жауга — аяз,
 Алысданы дәнекті.
 Адалдың үнів алсының,
 Жегішке ақы төлетті.
 Бас шайқаймын дегеннің
 Басына салды әлекті.
 Қадыры қалың, малы кең,
 Қылмаған кімге себепті?
 Алақолсыз мырза еді,
 Кем-кетікті елепті.
 Оны да алды бұл өлім,
 Сабырлық қылсақ керек-ті.

**БАЛАСЫ ӨЛГЕН АНАРА
ШЫГАРЫШ БЕРГЕН
ЖОҚТАУ**

Коз жұмғашпа дүниеден
Иманын айтып кеткені-ай!
«Бейсенбі ме бүтін?» деп,
Жұмаға қарсы еткені-ай!
Жер күндереніш, жұрт шулаң,
Ағайын түгел жеткені-ай!
Жәмиғат тоңбай, күн жылың,
Тәңрім рахым еткені-ай!
Ием қабыл алды-ақ деп,
Көңліме қуат біткені-ай!
Қуаттанып бақсам да,
Күнелі нәлсім тутпеді-ай.

Ата тегі мұндағы —
Орта жүздің ұлығы;
Ана тегі ондары —
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтының сыйызы.
Өлгөнше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылышы.

Қызыл балақ қыранның
Балапаныя дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырганың өрт алды.
Артына белгі тастамай,

Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай, ертө алды.

Көп жасамай, көк орган,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орган,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?

Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым
Көп жасамай тез кетің,
Кезімнің жасын ағыздың.

* * *

Махаббат, достық қылуға
Кім де болса тәң смес.
Қазір дайын тұруға —
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек кеңлім ойлайды
Жанның бәрі — қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас.





1896

* * *

Малға достың мұнды жоқ майдан басқа,
Аларында шара жоқ алдамасқа.
Табысның табыныш, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсө алашқа.

Мал жиядыш мақтанды білдірмекке,
Көзге шүкүш, малменен күйдірмекке.
Өзі шопшқа, өзгөні ыт деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекшеп сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, ақ бейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда — боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді борынаң жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:
Ыстың қайрат, нұрлы ақыл, жылы журек.

* * *

Тұғызған ата-ана жоқ,
Тұғызарлық бала жоқ.
Тұысқан-тұған, құрбылас
Қызығымен және жоқ.

Тулайын десе шара жоқ,
Толықсын жүрер шама жоқ,
Үйцы мен астан дәм кетің,
Сақалда, шантада қара жоқ.

Байбайшыл тартып, баға жоқ,
Жастарға жашпас жала жоқ.
Жат қораны күзеткен
Картаң шалда сана жоқ.

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтүші қыз-келиңшек жүр сонында.

Деген сөз: «Бұқа — буға, азбап — дуға»,
Хан қарық бол түсіп жүр айғай-шуга.
Етімді шал сипаған құрт жесін дед,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұргысын көксемек-ті.
Меңгілі өткен дәуренді қуалаған
Негілсын бір қартайған күйекті.

Кәрі, жас дәурені өзге, тату емес,
Елке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен, қатын емес.

Есерлер жас қатынды тутады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махабbat жоқ,
Тұсан қойып қашырап бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай үргыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құргыр?

Қатынның қалай демес ақсақал бай,
Сонымен дос бол жүрсің, яшырым-ай.
Кү қатынның майысса, мәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылышын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсөң,
Мұйіз шығар қатынның тіліне ерсөң.
Тілті оңбассың, өзіде өзің мәз бол,
Дастарқан мен қатынды мақтан көрсөң.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңлі жылымас, ол өзіне аз.
Біреуі — кек балдырған, бірі — курай,
Бір жерге қосыла ма қыс пепен жаз?

Үнем болмас қүйрықты бұлаңдатқан,
Саурысына шапақтаң, сүйіп жатқан.
Екі көңіл арасы — жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол ант атқан?

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Бәмишә өмір өтпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Отті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде үрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Откен өмір белгісі — осы сыйбыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық, байқаған қылышынды,
Ку шыққансып қағасың босқа бұлдыр.

Күн жиылып ай болды, он екі ай — жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ, бір тәңірім, кеңшілік қыл.

Көніл құсы қүйқылжыр шартараңқа,
Адам ойы түрленіп ауғаз шақта.
Салған ән — көлеңкесі сол көңілдән,
Тáктысына¹⁰⁴ билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалаң, тамылжиды,
Жүрек тербец, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтаң жатқан жүректі ән оятар,
Ұннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұқ, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннөң бәһра аларлық.
Мұдмен шықсан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайды бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ашы,
«Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап, таусар қоңыр күңгір,
Сол жөріш ойыцмен араласшы.

Әпнің до остиң бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын, кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көзілдің есері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсың, ердің көзлі —
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын,
Көкірегіндегі оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрап дайын.

Өмірдің алды — ыстық, арты — сұық,
Алды — ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сөүле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаңың өріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

* * *

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Кек бұлттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлекегі жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Үйкідан кеңіл ашар көз,
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сез.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұңд мей зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пей ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сойле дегенін.

Үзілім жүрек, долы қол,
Улы сия, аңы тіл
Но жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсөндөр, өзің біл.

* * *

Көк ала бүттөр сөгілін,
Күң жауады кей шашта.
Оне бойынц еттійі,
Жас агады аулакта.

Жауган күнмен жандырыш,
Жер көтеріп күн алар.
Ақдан жасқа қаңдырыш,
Еас ауырып, іш жанар.

РАХЫМШАЛ

Сүлгү астың жеркі — жал,
Адамзаттың жеркі — жал.
Өмір сурғен кісле
Дәулет — құзың, бана — бал.

Бал болашан бала бар,
Бана бояр ма Рахымшал?!
Бүйтіп берген балаңды,
Берген күдай, езің ам!

ҚАТЫНЫ МЕН МАСАҚБАЙ

Сырмак қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бұксітіш,
Бықсытыш,
Қоқсытыш келтірді.

Осының бәрімен
Көндінде міні жоқ,
Жүзінің нағірі мен
Бойының сыны жоқ,
Бұқшиш,
Сексиіш,
Түксіш өлтірді.

Күлкі бол қөргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылыш бергенге
Шыдамас сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Түк қоймай боқтады.

Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жоқ —
Қамшы мен жұдырық.
Барқылдаш,
Тарқылдаш,
Салпылдаш тоқтады.

КҮЙІСБАЙҒА

Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға,
Бермек болған айғырдың көзің қайда?
Көздің көрсөң — бересің, тайсаң — танып,
Алдамшы атанғанның несің пайдада?

ДҮЙСЕНҚҰЛҒА

Саудайың-ай,¹⁰⁵ сауды алмадың-ау,
сырқауды аттын,
Бір пәлеге жолықтың шырқау барыш,
Ала жаздай көгалды бір көрмедін,
Сары жүртқа қондың ба ірге аударын?

5

РАЗАККА

Мына үйде отыр РАЗАК,
Елдің жөнін айтар ма,
Шақырып алып сұрасақ?
Үлкен қожа — ортан қол,
Өзгелері аты жоқ пен шынаштақ.

Сонда Абайдың негересті Әубәкір:
— *Омархан арам ше?* — дегендес:

Оны-дагы байқармыз,
Біраз гана сынасақ.





1897

* * *

Кек тұман — алдындағы келер заман,
Үмітті сәүле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдан келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, кезім таған.

Ол күндер — өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына түк қалдырmas.
Соның бірі — аринаулы таусыншак күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жаң — мен өзім, тәң — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тәң құмарын іздейсің күні-түнде.
Өділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылышынды,
Лайла лай оймен тұнышынды.
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығынды.

Арам ғапыл¹⁰⁶ дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі?

.. Мазлұмға¹⁰⁷ жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисія.
Көптің қамын әуелдең тәңді ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңің көк итті, күнде жемек.
Ғадәләт пен Қархамат¹⁰⁸— көп азығы,
Қайда көрсөң, болып бақ соган көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзөр сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дары тереңінде.

* * *

Сенбе жүртқа, тұрса да қашпа мақташ,
Әуре етеді ішіне құлышқа сақташ.
Өзіңе сен, өзінді анып шыгар
Еңбегің мен ақылың екі жақташ.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз бол мақтанды қуып кетпе.
Жүртпен бірге өзінді қоса алдасып,
Салпылдац сағым құған бойыңа еп пе?

Қайры келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

* * *

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ыңталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі қақта қол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты
Махаббат қылса тәңрі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағрипқа¹⁰⁹ тілім қысқа ah!
Барлығына шұбәсіз,
Неге мәужүт¹¹⁰ ол куа.

Ақыл мен хауас¹¹¹ барлығын
Білмейдур жүрек, сезедур,
Мұтәкәллимин¹¹² мантикин¹¹³
Бекер босқа езедур.

* * *

Күр айғай бакырган
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Нісіре-сән бе екен?

Өңкей надав, антурған,
Қаша айтса, жан ба екен?
Бос жүріп, қор қылған
Өміріңе кән бе екен?

* * *

Мен сөлем жазамын
Қарағым, қалқама.
Қайғыңаң азамын,
Барушы айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарың.
Қайғырмай не етемін,
Еізде жоқ назарың.

Көділге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым.

* * *

Соры қалың соққы жеген нысанамыз
Қайтіп сұыш, жалғаннан күс¹¹⁴ аламыз.
Құр дәрімен атқанға өлмейді екес,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.

ҒАБИДОЛЛАҒА

Жазғытурым қылтиран бір жауқазын,
Қайдаң бісін өмірдің кебін-азын.
Бәйтеректі күндейді, жетемін деп,
Жылы күнгө мас болып, көрсө жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дагы көп есіттім жастың назын,
Қол жетиескे қол созар бар ма ылажың?
«Боламыимен» жургенде болат қайтып
Жалын сөніп, жас жуаів басады ажым.

Құлақтан кіріп бойды алар
 Жақсы ән мен тәтті күй.
 Көңілге турлі ой салар,
 Әнді сүйсек, менше сүй.

Дүние ойдан шырады,
 Өзімді өзім ұмытып.
 Көңілім әнді үрады,
 Жүрөгім бойды жылтып.

Аңсаған шелде су тапса,
 Бас қоймай ма бастауга?
 Біреу тұртсе, я қақса,
 Бой тоқтамас жасқауга.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
 Ескі өмірді тіргізер.
 Өмір тонын кигізіп,
 Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады
 Құлағым ескі сыбырды.
 Ескі ойға көzlім толады,
 Тірілтіп еткея құрғырды.

Ішіп, теред бойлаймын,
 Өткея күннің уларын.
 Және шын деп ойлаймын
 Жұрттың жалғав шуларын.

Тағы сене бастаймын
 Күнде алдағыш қуларға.
 Есім шырып қашпаймын,
 Мен ішпеген у бар ма?

* * *

Ерекше естен кетпес қызың қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайды?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсөң үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсөң де, өлмегенмен боласың тен.

Жүректен ізі кетпес қызың көрсек,
Жақсылықты аябай жүртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да
Бәрінің де қызығын көріп білсек.





1898

* * *

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремің мен тыя
Дауың мен шарыңды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасың мен кәрінді.
Жоқтамай ұмыттым
Ақыл мен нағінді.

Ортара кеп салым
Өзімде барымды.
Япурмау, неңді алым,
Сау қоймай арымды?

Ойымнаж өй бөлін,
Қозгадың тамырды.
Кеңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Ойымды ак, жарымды ак,
Кеңімді, тарымды
Қарасам байымдаң,
Сөзің сол сарынды.

Өсекке салмандар,
Ойымды, жарымды.

Өлшеуге алмандар,
Ойым бек тарылды.

Ұрыңдаң асырдың,
Сүм тілді қарыңды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.

* * *

Құаты оттай бұрқырап,
Үәзінгे¹¹⁵ өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Кек бүлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз —
Наданға қадірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді наза етіп,
Сайысып-ақ бақты рой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойласпап білген сөз
Бойыңда жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

* * *

Сүм дүшиңе тоңар жатыр, ісің бар ма?
Балғы күш, бағы түсің бар ма?
Алды — үміт, арты — өкініш алдамашы өмір,
Жолігін жорго тықпас кісің бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылmas тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптыгарға.
Қай қызыры татиды ку өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Ет жүрексіз өрніңің айтпа сезін,
Тіл үйрекен кепсінің ку мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?
Шымылдық бол көрсетпес шының жүзін.

* * *

Өлсем орным — қара жер сыз болмай ма,
Өткір тіл — бір ұялаңқ қызы болмай ма.
Махаббат ғазауатиен¹¹⁶ майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма!

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма.
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып, артыға сөз болмай ма!

Сонда жауап берे алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Еңі күимек бір жәнға әділет пе,
Қаны қара бір жаммын, жаны жара.

Жүргімнің тубіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде естім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кіңе қойма!

Жасымда албырт естім, ойдан жырак,
Айлаға, ашуға да жақтый шырак,
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көл көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Саудалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш үйықтат, бақ сөзіме!

Ітім — толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Жүректе қайрат болмаса,
Үйиқтаган ойды кім тұртпек?
Ақылға сәуле қоябаса,
Хайуаша жүріп күзелтпек.

Аспаса ақыл қайратта,
Теренге бармас, үстірттер.
Қартыңың ойы шар тартқан,
Әдеті жепіп күнгірттер.

Төв сүйгөпін бермесе,
Жан шыдамас жаңы ашып.
Бере берсең, бер десе,
Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сөв,
Тороцго бет қоймаса?

Атымды әдам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

**ЖАМАНБАЛАНЫң
БАЛАСЫ
ӨЛГЕНДЕ**

Белгілі сез: «өлді, өлді»,
Белтісіз оның мекені.
Не халатқа әурілді,¹¹⁷
Қайда қандай екені.

* * *

Күн артынаң күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артыпап ой қуар,
Жолго мінсең, жеткізбес.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршан қалған кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген тұндерде тынышыга алмай.

Қараңғы, саңырау қайғы ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндең.
Кейде тілең бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да ізден.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырап жұрттан ұрлап,
Кетірер деп мазақтаң беттің арын.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тынышығар уә шыгармай.





1899

* * *

Есінде бар ма жас күнің,
Кекірегің толық, басың бос,
Қайғысың, ойсың, мас күнің,
Кімді көрсөң — бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Корішүші еді досқа ортак.
Үміт жақып, көзіл ак,
Болар ма соңдай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегінің,
Алтыстап котті-ау құрғылар.

Жеміннасіләң, беқтайсың,
Сатынасің, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті —
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Конімо жас бор, пемлайың,
Шыдам бор, сабыр ірілайың.
Жіргіш болған неураско
Диула бор, жемшиң сұттайың.

Жүргегім менің — қырық жамау
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Өлді кейі, кейі — жау,
Кімді сүйсө бұл жүрек.
Кімі — қастық, кімі — дау,
Сүйенерге жоқ тірек.

Көрілік те түр тақау,
Алдымызда айла жоқ.
Қайғысыздың бәрі асау,
Бізге онаң пайда жоқ.

Қан жүректі, қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау
Қам көңілдің тынбаған!

* * *

Адам бір — бοқ кетерген бοқтың қабы,
Бοқтаң сасық боласың өлсөң тары.
Менімен сен тең бе деп мақтапасың,
Білімсіздік белгісі — ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бірқалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

* * *

Күншік асыраң, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтых үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.



* * *

Сүйсіне алмадым, сүймедім,
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйіспін саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

ДҮТБАЙФА

Жылуу жоқ бойының,
Жылмиганы неткені?
Құбылуу ойының —
Кетпей құйтың еткені.

Мұңды, жылмаң шішінің
Кезек киіп, ел жиып.
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсынып.

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бұксіп, бықсып ар жағы,

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп.
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі белініп.

Әлі үміт, әлі серт,
Жыя сыйылды бұзылып.
Құлық емес, бұл — бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен,
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен,
Жазғытуым жасырып жердің бетін,
Жасыл шеппен, бой жеткен егінмен тең.

Сөнан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен сұықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған.
Дәні толық, басы ұлкең егіндей-ак,
Сенің де басың имек жерге таман.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
Әсте өлмесін білгендей қылыш қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды үрласа,
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат — бүгін адам, ертең топырак,
Бүгінгі өмір жарқылдағ алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек ушін тугансың, ойла, шырақ.





1900

* * *

Жүргім, иені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көдлім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқтал!

Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Ортақтық, тыныштық достық қой,
Оның қадірін кім білер,
Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі — алдамшы саудагер.

Халықтың аты керек қой
Я маңтауга, боктауга.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауга.

Досты қайдан табарсың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабарсың,
Жалғыздынуган жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреугө,
Ішің еріп, егіліп,

Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен, қалар тұніліп.

Ақы беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан — тәңірі атқан
Оңдырар ма, оңар ма?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңең не пайда?
Дүниөде ненің сүйесің,
Өмір қайдада, дос қайдада?

Көлеңке басын ұзартып,
Алсты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса;

Күңгірт көдлім сырласар
Сүргышт тартқан бейуаққа.
Тәмен қарағ мұндасар,
Ой жіберіп әр жакқа.

Откен өмір — қу соқпақ,
Қызырады, талайды,
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсан, оны таң,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жынып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді
Ұлып жүртқа қайтқан ой.
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шыкты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уирд¹¹³ қылып,
Тыныш өлсөңші тегінде.





1901

* * *

Ұяламын дегені көңіл үшін,
Ұсақ құлық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігірі жоқ, маңызы жеңіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат — көрсекқызар.
Ар мен ұлат ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінгө болған құмар.

Тұысқаның, достарың — бәрі екі ұшты,
Сол себепті досыңдан дүшпан күшті.
Сүйсе-жалған, сүймесе-аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Өзің — үлкеи, қылғың — бала-шага,
Балаша мәз боп жүрсің тамашага.
Әкесі ұрысса балаға, ол да достық,
Баласы ұрысса, әкете жараса ма?

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Киял қып өмір суріп, бос жүрішпін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.¹¹⁹
Қарапты өз бойында түгел ме екен
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған жүрт — бір сарым,
Шынға шыдаі, қоса алмас ынтымагын.
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,
Өзінді өзің күзет, кел, шырагым!

Қуанбаңдар жастықта,
 Елерме күлкі, мастықда.
 Қеңін қайдав жетеді
 Достық певен қастықда?
 Құрбының қызық дегенін
 Сөз екен деп ал шықпа.
 Адалдан талқан тиынды
 Сал да сақта қаштықда.
 Қолдағының қорғап бақ,
 Мал арзаб деп алтықда.
 Сыпайы жур де шаруа ойла,
 Даңғойланып қаптықпа.
 Беталды жаңга бой салма,
 Қорлық жүрмес сақтықда.
 Елу бесте біз дағы
 Сенисер адам таптық па?
 Арсыз — құмар болғандар
 Опыр-топыр, шак-шүқда.
 Түспей жур ме, көрдің бе,
 Жалаң-жұлаң, тақ-түқда?

Осы қымыз қазаққа
 Мақтаның ба, асың ба?
 Қымызды басар артынан
 Ет даяр ма қасында?
 Бойыңа сіңіп, ерт болған
 Қызыба бастық жасында.
 Қызылшыл сезім, жас қымыз —
 Бір үлкен борыш басында.
 Жуасты мін де, айран іш,
 Жоқ немеге шатылма.
 Ұры, залым, қуларға
 Нысанана шашылма.
 Жылқыны аңдып ұры жүр
 Әр тәбенің тасында.
 Ой көзімен қарасаи,
 Қойдан жылқы асыл ма?
 Мақтанға бола жиям деп,
 Жылқы ушін жүртқа бас үрма.
 Қымыз, семіз дегенің
 Бір мактаң ғой, жасырма.
 Мақтаң қума, керек қу,
 Ойсыздарға қосылма.
 Қойында ақша, қолда қой
 Құзетке оңай, шошынба!

* * *

Бұнысыз тілің,
Буулы сезің
 Өсерлі адам үғлына.
Кісінің сезін
 Ұқыыш-ақ өзің,
 Қисырын түзеп тұғрыға.
Сезімпаз көңіл
 Жылы жүрек
 Тапшадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос
 Тым-ақ керек,
 Ойы мен тілі бөлінбес.





1902

* * *

1

Тоты құс түсті көбелек
Жаз сайларда гүлемек.
Бәйшешек солмақ, күрремек,
Көбелек өлмек, сирлемек.

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмак, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сейлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жаң билемек?
Заманға жаман құйлемек,
Замана оны илемек.

* * *

Алланың өзі де рас, сезі де рае,
Рас сез еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы таңытуға сезі айрылмас.

Аманту¹²⁰ оқымаған ісі бар ма?
Уа күтубиңі¹²¹ дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарнымен ол сіздерге, еіс де оларға..

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен жәби¹²² келді.
Қарыда шаригаты өзгерсе де,
Тағриф¹²³ алса еш жерде өзгермей.

Күлмі махлук өзгерер, алла өзгермес,
Әһли кітап¹²⁴ бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенең
Бос сөзбенен қастаснай тұзу келмее.

Махаббатиен жаратып адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаңнан тәтті.
Адамзаттың берін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахкиң¹²⁵ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат¹²⁶ та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ¹²⁷ — хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, өуесқой — онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жаралған, мойын тәмен,
Қарашы, дene біткен ретімен.
Істің басы — ретін танымайдың,
Иман білмес тарапты қабыл демен.

Имамдар ғибадаттан¹²⁸ сөз қозғаған,
Хұснисең¹²⁹ мен иманды білді ойлаған.
Иманның тавалығын жақсы ұқтыврай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Алла міңсіз әуелден, пайғамбар ҳақ,
Мұ'мин¹³⁰ болсаң, үйреніп сен де үқсанап бақ.
Құран рас, алланың сөздір ол,
Тә' уиліне¹³¹ жетерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтаңызы бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, өуесқой — шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тиғанымыз?

Мұ'мин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол.
Шын илаң да, таза ойла бір иманды,
Мұнағиқ¹³² намаз қылмап па, мағлұм
ғой ол.

Алла ішімді айтқызбай біледі, ойла,
Бендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мұ'мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылыш,
Арын, алқын — бұл күннің мәртебесі.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.





1903

* * *

Жалын мен оттан жарагып,
Жарқылдағ Рагит¹³³ жайды айдар.
Жаңбыры жерге тарағып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Бешгілі жұмыс, сор қайнар.
Қуаты күшті нұрлы сез,
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жараган
Сөзді ұфатын қайсың бар?
Партия жиып, пара алған,
Бейілі кедей байсындар.

Құлық пенен құбылдан
Жалықсаң, жақсы жансындар.
Түзелмесе шұғылдан,
Арсындар да қалшындар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!



ЖЫЛЫ БЕЛГІСІЗ ӨЛЕНДЕР

Домбырага қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүргім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайрылы көндім қайдағы
Бұрынгымды жаңғырттар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғырттар.

Онаң да жылы жүзінмен
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт
Іштегі қайғы, дертіме.

Іштегі есқі жалынды
Сөндір жаңа қылышден.
Сейлесші жақсы, жағымды
Мендей көңілі сыйындан.

Сынық көндім көп кешер,
Майда қолмен ұстасаң.
Көңілге түрлі ой түсер,
Әр теренге нұсқасаң.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажыды көндім көп шауып,
Көп қинамай әрнеге,
Енді семірт, жем тауып!

* * *

Ойға тұстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым,
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылыш тыя алдым?

Бойдағы мінді санағасам,
Тау тасынаң аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршыл алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңрім салған наз емес.

Осынша ақымақ болғаным
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректің
Әділеттің бұзыпшын.
Ақыл менен белімнен
Әбден үміт үзішпін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін;
Жалмауыздай жаландап,
Ар, ұяттан құсіппін;
Құлық пенең сүмдүкқа
Құладындай ұшыпшын;
«Сіз білесіз» дегенде
Күнгө күйіп, пісіппін;
Мақтансасқа мақтайныш,
Деп жүріпшін «пысықшын».

* * *

Мен боламын демеңдер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.
Бір ғылымнан басқаның
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

Фалымнан надан артиас ұққанменен,
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
О дары қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктең шыққанменен.

* * *

Тұбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынаң оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

* * *

Әйелің — Медет қызы, аты — Өрім,
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін.

* * *

Бестегім, құтылдың ба Қетібактаң?
«Күйшіл» дон бабын білмей кіна тақдан.
Құл табан, коскіл тұмсық Бестекбайым,
Кісігө бос берермін бір мін тапкан.

* * *

Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кеэбек,
Бой жеңбек ер жігітке ғақыл ташақ.
Тағдырын...¹³⁴ хақтан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтаап.

Ниетің тұзу болса сенің ашпақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ.
Сыбыр, есек дегенді сырттай жүріш,
Ғылым, өнер, мал ташақ, жүртқа жақпақ.





ПОЭМАЛАР



ЕСКЕНДІР



МАСФЫТ



ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ




263



268



274



ЕСКЕНДІР

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйтіш, қызғаңшақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Кез алартып қарады онды-солды.

Сүмдықиен әскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болып тұра аттанды.
Кеп олді күтіпбекен қырды, жойды,
Ханды елтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дагияның суындаі қандар ақты.
Алқап жердің бәрін де бодан қылып,
Тімотион қолына тартып алты.

Ескендір өлде алмаган хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жузін алуға ой ойлады.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынаң қорқады жұрт қайғы жең.
Сол күнде қошеметші айтады екен
Хашың ханы, патшаның патшасы деп.

3 / Атагы талай жерге оның жетті,
Жердің жүзін алуға талап етті.

Есепсіз әскер өртіп, жарақтанып,
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының;
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жок,
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шелге түсті,
Алып жүрген сұның бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына құдай салды қызын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы үшты,
Ескендір де атының жалын құшты.
Жалтырап сәүле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қақдан мәлдір бұлак,
Таспадай бейне арықтан шықдан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, сұы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суга балықты алды бір жудырып.
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таң қалды, мұның бәрін суга жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?
Бәрің де ішпіп, бұл суга бетінді жу!
Бір бай елден осы су шықсан шығар,
Өрлең барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, тәтті суга қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жок, наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шашаң өрлең,
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!»

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.
Кекпенбек темір қиген өңдей батыр,
Тарттырып жәнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлең талай жүрді,
Судың басы бір күзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жүлды.
Аша алмады қақпаны, ұміт үзді,
Ақылдастып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,
Келмей ме тоқтаусызың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алсыны әл келмесін байқаган ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дубірлетіп қағып-қағып:
— Қақпанды аш! — деп барынша айтай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,
Күзетпісі сол екен, дыбыс берді:
— Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл — құдайға бастайтын қақпа,— деді.

— Білмесең, мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін женген.
Қақпаңды аш, хабарынды айт білдір маган,
Қорлығым өзім туып көз көрмеген.

— Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсөн,
Мықты болсаң, өзіңің нәпсінді жең!
Іші тар, кере алмастың біреуі сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

— Талпынған талаппенен мен де бір ер.
Кон жүрдім, көздей келді көрмеген жер.
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,
Сый қылыш, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал:
Сыйым — осы, есерім, мынаны ал!
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,
Апар дағы, ойланып, көзінді сал!

Орамалды қуанып қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта барды.
Қараса, ішіндегі бір қу сүйек,
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті:
— Ең болмаса білмеді сый бермекті.
Осы менің теңім бе? — деп ақырып,
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,
Лақтырган сүйекті алады сол.
Ханға айтты: «Қасиет бар ғұл сүйекте,
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель — жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
— Таразыны әкел де, сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдырып, ортаға алды.
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп, Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хакімге патша келді:
— Мына сүйек қазынаның бәрін женді.
Бұл сүйекті басарлық нәрсе бар ма?
Ақылдыңмен ойланып тапшы! — деді.

Хакім жерден топырақ алыш барды,
Бір уыстап сүйекке шаша салды.
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескевдір мұны көріп аз тұрады,
Хакімді аулақ жерге шақырады.
— Таң қаларлық іс болды мұның өзі,
Мәнісін айтып берші,— деп сұрады.

— Бұл — адам көз сүйегі,— деді ханға,—
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.

Кәшір көздің дүниеде араны улкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі журсө де, өлгөн күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені — бір кү сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де гибрат!

Ойлап-ойлап патшаның мойны тұсті,
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,
Қолын алыш, жүртyna қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,
Үймас көзің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер.
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятсыңда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайынан еш адам қақпасын деп.
Сен кеткен соң артыңдан күліп қалар
Антурғаннан құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзің мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сейлесең, нең құрайды?
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді.
Өз бағанды өзіңден кім сұрайды?!



МАСҒҰТ

Я, алла, құрметіне достың Махмұт,¹³⁵
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт.
Һаруан-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлады аттан салып,
Айырып алған жан жоқ оны барып.
Кім де болса, бір ерлік қылайын деп,
Масғұт ұшты ұрыға оңдайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,
Көрсе, бастан ағып тұр қан дірдектеп.
Мұның қарызын мен де отеп кетейінші
Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп:

— Ей, жігіт, не қылсан да, ер екенсің,
Көргейсің ерлігіңің берекесін.
Себеп бол мені ажалдан сен айырдың,
Магай қылған қарызыңды алла отесін!

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,
Атақты артық туған жан емеспін.

Себеп болып айырдың мені ажалдан,
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен — бір шал дүниеде жиһан кезген,
Ертең түсте кетемін шаһаріңізден.
Ертерек пәлең жерден тосып тұрып,
Алыш қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де — бір ер,
Сені маған кез қылған пәруардигер.
Бір құданың хакы үшін мен тілеймін,
Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

— Ұрыға жібермедім мен намысты,
Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.
Алла хакы деген соң амал да жоқ,
Барайын,— деп уәде етіп қол қарысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,
Шал да душар алдынан бола қалды.
Қолынан ұстап алыш, ертіп барып,
Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған,
Басында үш жеміс бар былқылдаған:
Бірі — ак, бірі — қызыл, бірі — сары,
— Таңдал ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесең, ақылтың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,
Егерде қызыл жеміс алыш жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт шал сезіне құлақ салды,
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

— Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-бара.
Ақ пен сары екеуін алмағаның
Мәңісін айтсаң екен, жаным, сірә.

— Мен болсам егер ағын жемек дедім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім.

Мен ақылды билемен не қылсам да,
Ақыл мені билесе керек дедім.

Ақылды жан табылmas маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрmas.
Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды
Көре тұра, көңілде тыныштық тұрmas.

Адам дерпті болмай ма құса тартып,
Тұңы үйқы үйықтай алмай түнде жатып.
Ештеп бағып, есерге ем таба алмай,
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузына тамам жанның болым сезі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,
Мал антүрхан күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәметпек — қайырышылық.
Ақылды ерге ар болар ондай қылыш.
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма?
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсек, қалар оларда несі ардың?
Бермесек, сен дағы ит бірге болдың.
Не өзің ит, немесе бар елің ит,
Дауасыз бір пәлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан гой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арапашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлаап, қызыл жеміс мен таңдадым,
Берсеңіз, жемек болып бел байладым.
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
Басында-ақ ойлаап тегін абайладым.

Бұл сезге салып түрді шал құлағын:
— Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,
Өміріңмен артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бетен шал емес, қыдыр¹³⁶ еді,
Ебін тауып даруга кезі келді.
Сезіне, ақылына, қылышына
Разы болғанин соң, бата берді.

Сол Масғұт қыдыр шалдан бата алышты,
Соңында Шәмсі-жинаң атанышты.
Марғынасы: «бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сез қалышты.

Сол заманда-ақ нағандар шырыш бұзған,
Жалғаның дәмін бұзып, қауіп қылғызған
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашашы іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не құрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе түрмас едім осы манда.

Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы қыдыр шал бір үақытта
Түсінде аян беріп жолықыпты.

— Ёй, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан тамам суға су құйылар,
Сел болып, судың бәрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жынып ал,
Бұл — хабарым; сақтансаң, жаным, жарап.

Бұл сөзбен халифаға Масұт барды,
Хабарын естіген соң хан да аңғарды.
Айтқан кезі жақындаған келген шакта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн, жауын жауды,
Судан ішкен жынды бол, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тамақ жеу мен және үйқтауды.

Бұлар шулап бір күні келді ордага,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.
Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, улкен аға.

Ол халқының алдына жақын барды
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.
— Бір кеселге, байғұстар, жолырыпс...
Үйіце бар үйқтаңдар! — деп шығ...

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Кешеде шулап және жылаған көп:
— Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен,— деп.

Өлтіргелі ордага қайта журді,
Бұлардың сөзін естіп хан да көрді:
— Бұрынғыдан мұнысы қын болды,
Ойбай, уәзір, ақыл таң, қайттік? — деп.

— Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өзкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дүрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішпіл салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.

Өңкей жынды байқамай айтыпсыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе көп тентектің қылған ісін --
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,
Көп айтты деп алдаңып, уағда күтсең.
Гапіл бол көп нәрседен бос қаласың.
Андалай көп сөзімен жүріп кетсең.





ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

Бір сөзім «Мың бір тұннен» оқып көрген,
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.
Болыпты ағайынды екі жігіт,
Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген.

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан жетеміз деп, бос журмеген.
Тігінші, кестеші еді кіші інісі,
Мұстапа суретшілік ғылым білген.

Екеуі екі айрылмақ қамын жеген,
Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген.
Мал тапқаны бір іздеп таппақ болып,
Серт қылып, бір-біріне үеде берген.

Екеуін екі жаққа тағдыр бөлген
Жандар емес қатерден әсте именген.
Шынымашынға¹³⁷ Сапасы кете тұрсын,
Мұстапа Балсураға¹³⁸ бұрын келген.

Мұстапа — бойдақ, кедей біраз тұрған,
Кәсібін құннен-құнгे тәңрі оңғарған.
Аздақ соң қатын алып, үй салғызып,
Шаһарда сенімдінің бірі болған.

Пұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
Қағазға ернек жасап, сурет ойған.
Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
Молдалар оның атын Әзім қойған.

Бір жасап, екі жасап, Әзім өсті,
Сонан соң медресеге барып түсті.

Аз жылда жақсы ғылым нәсіп етіп,
Жас жігіт жүзі нұрлы, көңлі масты.

Оқудан шыға үстады ата өнерін,
Асырды атасына әрбір жерін.
Сол күндеге ажал жетіп, Мұстапа өліп,
Жыртық-жетім болмады ол жас өрім.

Атанаң харекетін ұстай алды,
Өнері артық шығып, жаңа таң қалды.
Алушылар көбейіп мұның ісін,
Бұрынғыдан артылып мал құралды.

Еір күні ләпкесінде отыр еді,
Торғын тон, алтын кемер бір шал келді
Не қылса бір құрметті адам ғой деп,
Әзім тұрып, иіліп сәлем берді.

Сәлемін алды, шал да амандасты,
Қасына жуық келіп жақындасты.
— Жат жердің адамы едім, е, шырағым,
Не харекет қыласың? — деп сұрасты.

— Қасымнан жетім едім көңлі сынық,
Өнерім артық емес ондай ұлық.
Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
Харекетім — суретші, бояушылық.

— Мінезің, түсің жақсы надаи дергे,
Артық өнер қын ба талапты ерге?
Тесілген күні бойы сендей жасты
Аяймың, өнімі жоқ бұл өнерге!

Бұл сөзге Әзім тұрып ашуланды,
— Түрпайы сойлейсіз,— деп қарай қалды.
Атамиң қарекетін қорлама, бай,
Аш емен, болмасам да сендей малды.

— Қорламаймын һәм, балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені аяймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын.

Шын өнерге қайтер ең көзің жетсө?

Әркімге жарамайды мұны үйретсе.

Өзі үлкең, өзі оңай, артық өнер,

Аз жұмыспен көп алтын хасил¹³⁹ етсе.

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп,

Айттым, балам, басыңа мейрім түсіп.

Ертең ерте мысыңмен дайын болып,

Көңліңің дәркүмәнін алшы шешіп.

Әуелі хақтығына жетсін көзің,

Серт қылдым ғой үйретпек болып өзім.

Ертең ерте сол жерден табыспаққа

Екеуі уәде байлаپ, қойды сөзін.

Шал кетті, аң-таң бала үйге қайтты,

Көргенін анасына келіп айтты.

Химияғылымы бар дейтін, сүйтсе дағы

Анасы басың шайқап, ішін тартты.

— Апар да мыс бақырды алдына сал,

Алтын болса, болады бір талай мал.

Жалғызыым, не қылсаң да сақ болып жур,

Жәдігөй бол жүрмесін антүрган шал.

Бала айтты:— Тәңрім қақса, бенде не етер,

Жалған болса, білінер, қор бол кетер.

Шын болып, уәдеге бармай қалсак,

Ғапылдықтан айрылған ызасы етер.

Не қылса, сол күн бала шала үйіктады,

Өтірік, расың ойланып таба алмады.

Мыс бақырын қолына алды дағы,

Лашкеге күндегіден ерте барды.

Шал дағы дереу дайын бола қалды,

Бір дорбадан кемір мен көрік алды.

Екеуі сәлемесіп болғаннан соң:

— Мысың қайда, балам?— деп дігір салды.

Мыс бақырды сыйндырды талқан қылып,

Кемірге салды мысты, дүкен құрып.

Мыс былқылдан еріген кезінде шал

Шөншікten¹⁴⁰ ұсақ қара алды қырып.

Алды да ол дәрісін, мысқа салды,
Былқылдаған бүркүлдап мыс шайқалды.
Бір нәрсемен азырақ бұлғалақташ,
Алтын қып суынған соң қолына алды.

Алтыныни алып берді қолындағы:

— Сарашқа сал бар дағы шәрындағы
Алтын емес деп біреу айтса, балам,
Алдамшы, амалым жоқ, болдым дағы.

Алтынды ал да, көрсет жүртқа апарып,
Мениң сөзім шын болса тәңрі оңғарып,
Сонау бақша ішінен табылармын,
Егер мені іздесең көңліце алыш.

Әзім үшты алтынды ала салып,
Не байларға көрсетті мұны апарып.

— Самородный сары алтын екен ғой,— деп,
Кім көрсе, айтады аң-таң қалыш.

Үш мың үш жұз ділдага кетті сатып,
Шешесіне ап келді таңырқатып.
Шешесі: — Сол кісіні шақыр!— деді,—
Кетсін,— деп,— үйімізден дәм-тұз татып.

Бағанағы бақшага Әзім келді,
Жұлықты шал да, сонда отыр еді.

— Ей, ата, қылған ісің рас екен,
Қонақ боп, біздің үйден дәм тат,— деді.

Қос уыс ділда берді Әзімге шал:

— Сенің ортақ малың,— деп,— мендегі мал.
Шешілісіп, сырласып отыралық,
Әр түрлі қымбат баға ішкілік ал.

Сырлассак, сұхбаттассак, аулақ артық,
Нашалы¹⁴¹ боламыз ғой-сейлен шалқыш.
Анаңды да бір жерге жібер, балам,
Сырымды үйрете алман бойым тартын.

Күн батпай биттей алаң болма бізге,
Қас қарая келермін мен де сізге.
Ішіп, жөу арасында сейлер сез көп,
Ол үйде жан болмасын сенен өзге!

Әзім кезді базарды аз тентіреп,
Әр түрлі ішкілікті алды күреп.
Алтынды көргеннең соң, анасы да
Кетті көрші үйіне, сеніңкіреп.

Арак, жеміс — әр түрлі нығмат¹⁴² дайын,
Қуанды алтын қолға кірген сайны.
Үйіне бөтөн жалғыз жанды қоймай,
Оңаша беzenдіріп тұрды жайын.

Кез байланы сып етіп шал да келді,
Әзім де есік апты, дайын еді.
Әзімді баласына балағандай,
Жайнаңдан жарқын жүзбен үйге кірді.

Шал кіріп үйді тегіс аралады,
Бір Әзімнен басқа жан таба алмады.
Біротала бейілді беріп алған,
Әзім де бұл қылықты шам алмады.

Хош уақытсың сөйлейді шал барқыдан,
Қол қусырып Әзім тұр, сезін тыңдан.
Асын жеп, қолын жуып болраннан соң,
Әпкел деп ішкілікті қойды ымдаң.

Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында,
Орыс, неміс болса да, қай халқың да.
Пайда деп тән саулықда ішетүүн,
Миуадан тартқан хамір¹⁴³ ае артында.

Подносқа бөтелкемен арақ толды,
Бір-екі жақсы рюмке дайын болды.
Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып,
Алысты пияланы ояды-солды.

Жайма-шуақ сүм шалдың іші мықты,
Алғашқы ішкең Әзімге тез-ақ шықты.
Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп,
Жәдігей стаканға дәру тыңты.

Онысы түн ортасы болған заман,
Сүм екен талай жанды әуре қылған.
Дәрі қосқан аяқты ішкеннең соң,
Әзім барын жығылды шалқасынан.

Сонда шал терезеден бір ысқырды,
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.
Әзімді сол табытқа салды даты,
Төртеуі қетеріп ап тысқа жүрді.

Әзімді мас қып алып, шал кенелді,
Есікті жабамын деп аз бөгелді.
Артын жым-жырт қылды да, антүрган шал
Төртеуін өртіп алып, тез жөнелді.

Теңіздің жағасында қалың қамыс,
Ішінде бір кесе бар шалға таныс.
Әзімді сол кемеге салды даты,
Тұмысының бұрыш алды шетке шалыс.
Қасында жиырма-отыз жолдасы бар,
Қаладан таң атқанша кетіп алыс.

Ел түрді, ертең кемпір үйге кірді,
Бала жазым болғанын іші білді.
Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін,
Тұра тұр, өзге жайын сұрама енді.

Әзім есін жиыпты ертең түстө,
Өз басын көрді қауіп-қатер істе.
Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шетік қапас боп түрді үсте.

Ырғалының орнынан ол әрең түрді.
Түрекеліп антүрган шалды көрді.
— Ақсақал адам мұндай қыла ма екен,
Анамнан мәні айырғыш бұл нең? — деді.

— Көзінді аш, есінді жи, енді ойнама!
Мен сен өз діндесін деп ойлама!
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,
Менде бардың бәрінең қауіп ойлама!

Егерде көпбей қалсан, наданшылық,
Әр күпі сізге дайын бір жүз шыбын.
Мың жаның болса дағы құтылмайсың,
Табылмас енді менен майда қылың.

Бала айтты:— Дінім үшін жаным қурбан,
Жаннан қорқып, отыңда мен бас үрман.
Дінім хак, ісім ақыны, өлсем шәйіт,¹⁴⁴
Корқады деп үмітті үз сен антурған.

Баланың бар кімін шешіп алды,
Жұз қамшы арқасына дуре салды.
Қыңқ етіп бір дыбысты шығармады,¹⁴⁵
Азырақ талмаусырап, нашарланды.

Мұнысын жаратпады қадір сұбхан,
Кек бұзылып, жер жүзі болды тоқан.
Байлаулы бала жайға қала берді,
Кемемен әуре болды көп антурған.

Тұн бойы үйықтамады бір де мызғып,
Су сарылдағ құйылды кемені ыргай,
Отыз құлы таусылды табанына,
Су тегіп таң атқаңда ол сарпылдал.

Отыз құл ақылдасты басты қосын,
Өлеміз деп ойлады жаннан шопны.
Бір шеттеп бір жағаға келе жатқан
Көрі иттің ұстай алды алдын тосып.

— Ақсақал, іс қыласыз ойланbastan,
Жаннан қорқып қашпаушы ек қара тастан.
Құдай сүймей, бұл істі бізге салды,
Қолын шеш, ризалық ал мына жастан.

Қолын шеш, ризалық ал, кісенді бұз,
Шапшаң айт, көнесің бе, уақыт тығыз.
Бұл сөзге көнбей қалсаны, ақыры өлдік,
Сені суға тастаймыз отызымы!

Сонда шал мына сөзге ан-таң қалды,
Не қыларын біле алмай, аз ойланды.
Пішінін отызының байқаған соң,
Баланың қол-аяғын шешіп алды.

Мойнына шырагым деп құшақтайты,

Кезінің ағып жасы, бүршақтайты.

— Шырагым, мастықпенен қылыппын,— деп,
Өзуелгі сөзден танып және алдайды.

Әзім жас, ақ бейілдеу адам еді,
Ойлады: өтірік болса, неге именді?
Мастықпен қылса, қылған шыгар-ау деп,
Іс көрмеген жастықпен және сенді.

— Мастықпен қылған болсаң, кештім саган,
Кәрі ит те:— шырагым — деп арсандаған.
Жел тыныш, күн айығып баяғыдай,
Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

Баланы сыйласп жатыр тамақ қамдаң,
Су тәkkісіз жорға боп шал жылмандаң.
Отыз құл мынау тек жан емес қой деп,
Әлінше қызметіндег жүр тырбаңдаң.

Бір мезгілде шал айтты:— Балам, тоқта,
Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта.
Алыс емес, аз күндік жақын жерде,
Болмай ма молықтырып ап қайтсақ та?

Бала айтты:— Өзің біл! — деп бұл сөзіне,
Шал қуанды тиген соң ерік өзіне.
Тебесінен тік тұрып қылды қызмет,
Титтей шәргез келмейді мінезіне.

Сып етіп бір жағаға келді жетіп;
Шал жөнелді, баланы қасына ертіп.
Бір барабан тұр екен, қағып еді,
Қамады желмаялар дүбірлетіп.

Үш желмая устады жорығына,
Бірінің азық артты қомдығына.
Екеуіне ер ертеп мініп алыш,
Барабанды қалдырды орынына.

Желмаялар келеді желдей есіп,
Сүм шалдың бір тарапты көзі тесіп.
Шал айтады балаға:— Қөрдің бе? — деп —
Бұл тұр бұлдыраған елеңдесіп?

Ол өзі — бұл емес, Қаптың тауы,
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры.
Бергі таудың басында сол дәрі бар,
Қырандай ап қайтармыз жібек баулы.

Тұні бойы жүріпті, болды сәске,
Көрінді жарқыраған үйдей інесте.

— Бұл не? — деп сұрап еді, тұра қашты,
Биттей аял қылмады кәпір әсте.

— Бұл не? — деп тағы да айтты Әзім сорлық,
Қашқаның не қылғаның мұнша ғұрлы?

— Шырағым, мұның өзі қатерлі жер,
Бұл бір қаскөй жәдігей дәудің орны.

Соны айтты да, шал сабап жүре берді,
Бір өзен жатыр екен, соны өрледі.
Өзенді өрлегеннең бір айрылмай,
Дәл бесінде ұшыртып тауға келді.

Келді де бір жартасқа түсे қалды,
Азық артқан маяны жарып салды.
Шілін жарып, іштегі ішек-қарның,
Окпе-баурын тазалап, бәрін алды.

Сонда шал Әзімге арқан, қанжар берді,
— Маяның ішіне еніп, сен жат! — деді, —
Ішін тігіп, мен кетіп, жасырынам,
Tau басында самұрық бізді көрді.

Бұл жерге мен кеткен соң самұрық келер,
Маяны іліп алдып, биікке өрлер.
Бір жерге қонғаннан соң жар-дары шық,
Именіп адамзаттан ұшып кетер.

Tau басында бар қара ұсақ топырак,
Қапқа толтыр кешікпей жылдамырак.
Қап толған соң арқанға байлаң жібер,
Саспай шешіп алғанша тоқта бірақ.

Сонан соң арқавынды тасқа байла,
Түсетүгін ыңғайлы жерді сайла.
Арқаннан ұста дағы тұс сырғанап,
Жарамайды, қылмасаң сүйтіп айла.

Қап алды, қанжар-алды сонда Әзім,
Сөзінің ұқты бәрін қылмай жазым.
— Шырағым, айтқанымды жаңылма, — деп,
Барынша қылыш жатыр шал да тағым.

—
Әзім де бөгелмеді бойын тежеп,
Талабы, тәуекелі сондай-ақ көп.
Тәңірінің бір жазғаны екі болмас,
Маяның ішіне енді тәуекел деп.

Маяның кетіп қалды ішін тігіп,
Шалекең жасырынды талға кіріп.
Аспаннан самұрық келіп, іліп алыш,
Қайқайып қайта шықты бір-ақ ырғып.

Маяны самұрық қонды тасқа апарын,
Ер Әзім шыға келді ішін жарыш.
Адамзатты көрген соң бұдан шошын,
Отырды самұрық құс аулақ барып.

Жалтаңдаپ Әзім шықты тау басына,
Тапты топырақ, толтырды дорбасына.
Қап толған соң, арқанға мықтап байлап,
Тау басынан жіберді атасына.

Жіберді әлті қалты жерге атып,
Антурған шал дәүлетке қалды батып.
Қап жерге түскениен соң, дінсіз кәшір
Арқанды алыш кетті жұла тартып.

Айрылып арқанынан Әзім қалды,
— Арқанды неге алдың! — деп, айрай салды.
— Талайды осы тауға тастағанмын,
Соның бірі болдың — деп, кете барды.

Сүм шалдың дінсіздігін сонда білді,
Қарамай, бір қайрылмай, журе берді.
Кәнірдің қайрылмасын білгенмен соң,
Жүгріп жалтыр тастан жол іздеді.

Көрді, білді ол таста жолдың жорын,
Сонан соң қамдаپ бақты қарны торын.
Азырақ жеміс тауып жеді дағы,
Көмекке жата кетті хақ бүйрірын.

Күн де батты, бір жерге Әзім жатты,
Күн батқан соң жан-жагы салдыр қакты.
Қараса қантап жүрген бәрі айдаңар,
Сонда да біраз жатып үйиқтап қапты.

Ұйықтап кетіп, шошынып тез оянды,
Жұтқалы көрді келген айдаһарды.
Не де болса тәуекел қылды дағы,
Қанжармен қақ басынан шауып қалды.

Өзі де бір тараңқа ыршып кетті,
Бір биік ағаш көрген, соған жетті.
Биік жерде болайын деді дағы,
Сол тұні ағаш басын мекен етті.

Әр-бері жатты-дағы, ұйықтап қалды,
Шаршаған ғой, күн шыға зорға оянды.
Қараса басқа айдаһар жоғалыпты,
Өзі шапқан таныды айдаһарды.

Ойлады тірі болса кетпес пе еді?
Өлтеген ғой мына айдаһар деп ойлады.
Арапстан түсе қалып айдаһарға,
Қолына қанжар алыш жетіп барды.

Керді, білді айдаһар тірі емесін,
Тәнірі ұзын жаратқан сом денесін.
Қанжармен таспадай қып тілін алыш,
Аз уқалап кептірді жон терісін.

Жалғап-жалғап, бір ұзын арқан етті,
Ер Әзім осылайша талап етті.
Бір ұшын тасқа байлап жібергенде,
Түсөтүғын орнына әбден жетті.

Ер Әзім тәуекел қып жаңнан күсіп,
Арқаннан ұстады да, кетті түсіп.
Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп,
Өзенде құлдады да жүгірді ұшып.

Үш қоныш, төртінші күн белден асты,
Ол күні алтынды үйге душарласты.
Тау басынан түсірген тәуекелмен
Сол үйге кірмек болып қадам басты.

Қақнадая кірді ішкери қадам басып,
Бір үйінен өрледі бір үйге асып.
Тілдесерге еш адам жолықпады,
Төрдегі үйге кірді есік ашып.

Екі сұлу қыз отыр төрдегі үйде,
Ондай сұлу көрген жоқ бүтін елде.
Екі қыз шатраш ойнап, білмей қалды,
Кірді де тұра қалды орта жерде.

Екі қыз мұны көрді бас көтеріп,
Адамзатқа таңырқап, тұрды елеріп.
— Ей, жігіт, түсің жақсы жан екенсің,
Жұр едің жәдігейге не қып еріп?

Сейледі Әзім дағы аяnbай-ақ:
— Мен гаріп бишаралың жүрген саяқ.
Әуелде өзі көрген бар қысаны
Сейледі бірін қоймай бастан аяқ.

Екі қыз естіп білді Әзім жайын,
Есіркең, мұсіркейді айтқан сайын:
— Сен бізге бауыр болың, тұр осында.
Не керектің қылалық берін дайын.

— Құп болсын, олай болса, апаларым!
Дүниенің тартып журмін жапаларын.
Сағынсам, өз еліме жеткізе ме,
Айтсаныз, мархаматты аталарың?

— Көңілді бос сүйтпа біздей қыздан,
Сізге уәде біздерге тәңірі айтқызыған.
Шыдаганша шыдан бақ қасымызда,
Қайтпағың келер біздің қолымыздан.

Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік,
Достықпен жүрек еріп тәуір еттік:
Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда,
Еліңе жеткізуге біз де жеттік.

Құп болады десті де, серт байласты,
Қатты-қатты айтысып уағдаласты.
Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен
Тым жақын дос болуга ыңғайласты.

Құн жаңғырып, бойына қуат енген.
Алтынды үйдің ішінде еркеленген.
— Жан-жагын қалай сайран қылсаң еркің,
Жалғыз-ақ бір есікке кірме,— деген.

Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,
Салған жоқ қыздар оның көңліне ажым.
Тал тусте бағанагы кірме деген
Есікке кіріп кетті — бар ма лажын?

Кірсе, ар жағы деңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір қауыз бар ернеуі тас.
Бұлбұл сайрап, миуасы салбырап тұр,
Салтанатын түгендеп айтып болмас.

Тас ернеуі — меруерт, ол көрінген,
Қеткісі келмес жанның мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарал тұрса,
Бір тұрлі таңражайып құстар келген.

(Аяғы бітпей қалған)

**ЕСКІРГЕН ЖӘНЕ ШЕТ ТҮЛДЕРДЕН
ЕНГЕН СӨЗДЕРГЕ ТУСИНК**

- 1 Қызыл.
- 2 Бетер, артық.
- 3 Кішкентай, уақ, нәзік.
- 4 Сұлу, көркем, әдемі.
- 5 Басшы, бастаушы.
- 6 Бола қалса деген мағынада.
- 7 Ақын.
- 8 Дауыс, уа. Бұл жерде тілек, сиыну мағынасында.
- 9 Улті.
- 10 Ұлы; жоғары.
- 11 Шама, мөлшер.
- 12 Өлең (байті деген сөздің копшесі).
- 13 Мақтаулы.
- 14 Мақтау.
- 15 Көрік, әдемілік.
- 16 Күн, күндей.
- 17 Қор, қорлық.
- 18 Ү.
- 19 Тәтті ерін.
- 20 Зая, құр, бос.
- 21 Толық.
- 22 Күйіктенде айтылатын одағай сез.
- 23 Алладан басқа құдай жоқ деген сез.
- 24 Араб сөздерін дұрыс оқу үшін қоятын белгілер.
- 25 Құранды арабша айтылуынша оқу.
- 26 Міндетті бес уақыт намазға қосымша оқылатын намаз.
- 27 Күн батысымен оқытын намаз.
- 28 Ауырған адамды күн батар алдында күнбатысқа қаратып, жерге жатқызып, тұрмызып ұшықтау.
- 29 Бұзып айтылған аят сезі.
- 30 Сәндік үшін шаршының сыртынан салынатын жауалық.
- 31 Елу үйдің атынан сайланып, болысты сайлауга қатынасатын адам.

- ³² Шар салу — болысты сайлау жолы. Елу үйдің атынан сайланған елубасылары кішкене тасты (шарды) екі бөлмелі жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаған.
- ³³ Құдай, тәңірі.
- ³⁴ Дұлығаның артынан қалтап қоятын зат.
- ³⁵ Өлшем мәғынасында.
- ³⁶ Мақтанышлық.
- ³⁷ Оңаша әңгіме, оңаша отырыс.
- ³⁸ Қадір, сый.
- ³⁹ Рақат.
- ⁴⁰ Ұсақ-түйек.
- ⁴¹ Асық ойынындағы ұпай, кезек.
- ⁴² Таза, қоспасыз.
- ⁴³ Жеркенішті.
- ⁴⁴ Үлгілі.
- ⁴⁵ Діннен шығу.
- ⁴⁶ Таразы өлшеуіш.
- ⁴⁷ Ралым, көп оқыған адам.
- ⁴⁸ Ислам дінінің заңы.
- ⁴⁹ Арыз, етініш.
- ⁵⁰ Ынта, талаң, жігер.
- ⁵¹ Айыпты, кінәлі.
- ⁵² Зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам.
- ⁵³ Ежелгі, негізгі, турақты. Бұл жерде істің ең орындысын табу деген мәғынада.
- ⁵⁴ Есеп.
- ⁵⁵ Турашыл, батыл бол деген мәғынада.
- ⁵⁶ Сенделіп босқа жүрген адам.
- ⁵⁷ Пеш, бұл жерде қуат, күш беру мәғынасында.
- ⁵⁸ Өлең, жыр.
- ⁵⁹ Мешітте айтылатын уағыз.
- ⁶⁰ Тілек, зар.
- ⁶¹ Басқарушы, билеуші.
- ⁶² Күш, шама, шек.
- ⁶³ Октябрь.
- ⁶⁴ Ноябрь.
- ⁶⁵ Шашыранды (бұлт).
- ⁶⁶ Ауыл аттары.
- ⁶⁷ Дәрменсів.
- ⁶⁸ Тосырқап, тоқырап қалу.

- ⁶⁹ Қапамын, қайрылымын деген мағынада.
⁷⁰ Ұлық мағынасында.
⁷¹ Пайда, улес.
⁷² Бұрынғы кезде парсы жұртын осылай атаған.
⁷³ Жалғыз, дара.
⁷⁴ Меніреу.
⁷⁵ Сабаз, ер.
⁷⁶ Алым-салық. Бұл жерде тоят деген мағынада.
⁷⁷ Шарагат (арабша) — шәриғат, исләм дінінің жолы, заңы.
⁷⁸ Дүниекоңыз.
⁷⁹ Шыныдық, растық.
⁸⁰ Керемет, сыр, ақыл.
⁸¹ Бұл жерде әдет, ғұрып, дәстүр деген мағынада.
⁸² Қызылу, қызару мағынасында.
⁸³ Жақын, туысқан, көрші. Бұл жерде жаман ағайын, жаман көрші мағынасында.
⁸⁴ Қостамақ, жарылқамақ.
⁸⁵ Октябрь.
⁸⁶ Ноябрь.
⁸⁷ Қисенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.
⁸⁸ Тобылғы тиек.
⁸⁹ Рақымды, мейірімді.
⁹⁰ Бүкіл, барлық.
⁹¹ Өнер, кәсіп. Бұл жерде жай-күй мағынасында.
⁹² Хат, кітап.
⁹³ Келісті, кемел.
⁹⁴ Жаратушы.
⁹⁵ Дінсіз.
⁹⁶ Мекенсіз, орынсыз.
⁹⁷ Мәңгілік.
⁹⁸ Жалған, өткінші дүние.
⁹⁹ Діни үғым бойынша заман ақыр болғаннан кейін адам ба-
¹⁰⁰ дасының күнәсі тексерілетін орын.
¹⁰¹ Міндет.
¹⁰² Амал.
¹⁰³ Мешіт, медресе пайдасына берілетін мал, дүние т. б. Бұл
жерде өз ақшасына деген мағынасында.
¹⁰⁴ Қажы деп өз әкесі Құнанбайды айтады.
¹⁰⁵ Тектеген — бұл жерде әннің ырғагы ретінде алынып отыр.
¹⁰⁶ Саудайы — істеген ісін абайламау, байқамай істеу.
¹⁰⁷ Отпелі дәуреи деген мағынада.
¹⁰⁸ Зұлымдыққа ұшыраған (адам).

- ¹⁰⁸ Ракым, жақсылық.
- ¹⁰⁹ Түсіну, білу, анықтау.
- ¹¹⁰ Бар інерсе.
- ¹¹¹ Сипат, сана, түр.
- ¹¹² Сейлеушілер. Бұл жерде дінді дәлелдеушілер.
- ¹¹³ Сейлеушілер. Бұл жерде терең ой, қисынды сез.
- ¹¹⁴ Беэбек, тастамақ.
- ¹¹⁵ Өлең кестесі.
- ¹¹⁶ Дұшпандық.
- ¹¹⁷ Не күйге, не халге ұшырады деген магынада.
- ¹¹⁸ Дуга деген магынада.
- ¹¹⁹ Қайт, күдер үз деген магынада.
- ¹²⁰ Иман көлтіремін, сенемін (құдайра).
- ¹²¹ Оның кітаптарына (сенемін).
- ¹²² Пайғамбар.
- ¹²³ Түсіну, білу, анықтау.
- ¹²⁴ Құдайдан келіпті деген кітаптармен ғамал (іс) ететін адамдар.
- ¹²⁵ Анық, айқын, рас.
- ¹²⁶ Құлшылық ету, жалбарыну.
- ¹²⁷ Растав.
- ¹²⁸ Құлшылық.
- ¹²⁹ Жақсылық ойлау.
- ¹³⁰ Иман көлтіруші.
- ¹³¹ Жору, мәнісін айту.
- ¹³² Ішінең дінге қарсы, сырты мұсылмаң, екі жұзді адам.
- ¹³³ Дін ұғымында наизағайды, жайды билейтів, күнді күркіретуші періштенің аты.
- ¹³⁴ Анық оқылмады.
- ¹³⁵ Мұхамбеттің лақап аты.
- ¹³⁶ Діни ұғым бойынша керемет иесі, мәңгі елмейтін жан.
- ¹³⁷ Қытай мемлекеті.
- ¹³⁸ Қаланың аты.
- ¹³⁹ Пайда.
- ¹⁴⁰ Дорба.
- ¹⁴¹ Шөптің басына шыратын дәи, түтінің шыгармын, түтінен тартады.
- ¹⁴² Ас, тағам, дәүлет; байлық.
- ¹⁴³ Шарап.
- ¹⁴⁴ Дін жөнінде олған адам.
- ¹⁴⁵ Бұл жерде күшті құдайым деген магынада.

ШЫГАРМАЛАРДЫҢ АЛФАВИТТИК КӨРСЕТКІШІ

- Абралиға («Мен жасыманың көп көрдім») 14
«Адам бір — бок кетерген боктың қабы» 233
«Адамның кейбір кездері» 205
«Адасқанның алды жөн, арты соңпақ» 32
«Алла деген сез жеңіл» 215
«Алланың өзі де рас, сезі де рас» 247
«Антепенек тарқайды» 157
«Асқа, тойға баратұғын» 123
«Ата-анаға көз қуаниш» 125
«Ауру жүрек ақырын согады жай» 230
«Аш қарын жұбайна ма майлы ас жемей» 173
Әбдірахманға (Алланың рахматын) 167
Әбдірахманға («Орынсызды айтпаған») 185
Әбдірахманға Қекітай атынан хат («Қөзімнің нұрысызы») 170
Әбдірахманға Қекітай атынан хат («Тілім, саған айта-йын») 168
Әбдірахман науқастаның жатқанда (Я, құдай, бере көр) 164
Әбдірахман өлгендеге («Аргы атасы қажы еді») 179
Әбдірахман өлгендеге («Кешегі өткен ер Әбіш») 180
Әбдірахман өлгендеге («Тұла бойың ұят, ар едің») 181
Әбдірахман өліміне («Жиырма жеті жасында») 182
Әбдірахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын») 184
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы («Бермеген құлға қайтесің») 186
Әбдірахманның әйелі Марынша айтқан жұбату («Жылағанды ғоқтатыла») 188
Әбдірахманның әйелі Марынша шыгарып берген жоқтау («Айналайын қудай-ау») 190
«Әзім әңгімесі 274
«Үбелід — Медет қызы, аты — Әрім» 256
«Әлифби» әлеңі 11
«Әсемпаз болма әр иеге» 162

- «Әуелде бір сүйк мұз — ақыл зерек» 95
 «Базарға, қарап тұрсам, әркім барап» 40
 «Бай сейілді» 111
 «Байлар жүр жиган малын қорғалатып» 29
 Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған («Ажының жақсы-ағ ұзызы едім») 156
 «Балалық елді, білдің бе» 175
 «Баласы өлген анаға шығарып берген жоқтау («Көз жұмышанша дүниеден») 195
 «Бойы бұлғаң» 153
 «Болды да партия» 222
 «Буынсыз тілің» 245
 «Білкеттей арқасында өрген бұрым» 105
 «Білімдіден шыққан сез» 83
 «Бір дәурен кемді қүнгө бозбалалық» 33
 «Бір сұлу қызы тұрышты хан қолында» 200
 «Біреуден біреу артылса» 80
 «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол» 66
 «Бестегім, құтылдың ба Кетібақттан» 257
 «Ғабидоллаға («Жазғытұрым қылтиран бір жауқазын») 219
 «Ғалымнан нағаш артпас үқанменен» 254
 «Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол» 96
 «Ғашықтың тілі — тілсіз тіл» 161
 «Ғылым таппай мақтанба» 41
 «Домбыраға қол соқпа» 251
 Дүйсенқұлаға («Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сирқауды алып») 210
 Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының») 236
 «Ем таба алмай» 113
 Ескендір 263
 Ескілік кіімі («Ойланып ойға кеттім жұз жынғы. откен»)
 163
 «Есінде бар ма жас күнің» 231
 «Ерекше естен кетпес қызық қайда» 221
 Жаз («Жаздықун шілде болғанда») 46
 Жазғытұры («Жазғытұры қалтайды қыстың, сыйын») 120
 «Жалын мен оттан жарапып» 250
 Жаманбаланың баласы өлгендे 228
 «Жашырағы қуарған ескі үмітпен» 242
 «Жарқ етпес қара көңлім, не қылса да» 108
 «Жас өспірім замандас қана қылды» 160
 «Жастықтың оты жалынданап» 131
 «Жастықтың оты, қайдасың» 107

- «Жасымдағының бар деп ескермедин» 22
 «Жақсылық ұзақ түрмайды» 155
 Жақсылықта («Аяғындағы аңдан бас, ей, Жақсылының») 15
 «Желсіз түнде жарық ай» 74
 Жіргіт сезі («Айттым сәлем, қалам қас») 101
 «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» 35
 «Жүргім менің — қырық жамау» 232
 «Жүргім, имені сезесің» 238
 «Жүргім, ойбай, соқпа енді» 145
 «Жүрек — теңіз, қызықтың бори — асыл тас» 249
 «Жүректе қайрат болмаса» 227
 Жұмбақ («Алла мықты жаратқан сезіз батыр») 140
 Жұмбақ («Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің») 142
 Жұмбақ («Қара жер адамзатқа болған мекен») 141
 «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» 258
 «Заман ақыр жастары» 129
 «Интернатта оқып жүр» 48
 «Кейде есер кеңіл құрғырың» 119
 «Келдік талай жерге енді» 115
 «Кешегі Оспан арасы» 194
 «Кім екен дәп келіп ем түйе куган» 12
 · Күз [«Сүр бұлат түсі суық қаптайды аспан»] 68
 Күйісбайға [«Дүрай сәлем жазамын Күйісбайға»] 209
 Күлембайға [«Болыс болдым шінекін»] 76
 · Күлембайға [«Ұагалайқұмуссәләм»] 72
 «Күн артынан күн туар» 229
 «Күшік асырап, ит еттім» 234
 «Күлімсіреп аспан тұр» 151
 Көжекбайға [«Бетен елде бар болса»] 58
 Көжекбайға [«Жамантайдың баласы Көжек деген»] 52
 «Көзімнің қарасы» 135
 «Көзінен басқа ойы жоқ» 130
 «Көк тұман — алдындағы келер заман» 212
 «Көлдала бұлт сөріліп» 206
 Көкбайға [«Бұралып тұрып»] 73
 Көкбайға [«Сорлы Көкбай жылайды»] 51
 «Көлеңке басын ұзартып» 240
 «Көңлім қайтты достаң да, дүшпаннан да» 30
 «Көңіл құсы қүйқылжыр шартараңқа» 203
 «Қажымас дос халықта жоқ» 106
 «Қайры шығар ілімнен» 146
 «Қалың елім, қазағым, қайран жүртүм» 28

- «Қандай қызда ләззат бар жаң татыған» 24
 «Қансонарда бүркітші шығады ақта» 18
 Қара қатынға [«Қара қатын дегенеге қара қатын»] 110
 «Қараша, жел тоқсанмен сол бір екі ай» 69
 «Қарашада өмір тұр» 159
 «Қартайдық, қайғы ойтадық, ұйқы сергек» 23
 «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» 25
 Қатыны мен Масақбай [«Сырмак ғылғастына»] 208
 «Қақтаған ақ күмістей кең майдайлы» 20
 «Кор болды жаным» 97
 «Қуалбаңдар жастыққа» 243
 «Қуаты оттай бүркүрап» 224
 «Құлақтан кіріш бойды алар» 220
 «Құр айғай бақырган» 216
 Қыз сөзі [«Қызыстырып маңтайды»] 103
 «Қызырып, сұрланыш» 133
 Қыздарға [«Қойдан қоңыр, жылжыдан торы Бәкен»] 171
 «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» 27
 Қыс [«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»] 71
 «Лай суға май бітпес қой еткенге» 176
 «Малға достық мұды жоқ малдан басқа» 198
 «Махаббат, достық қылуга» 197
 «Масғұт» 288
 «Мен боламын демендер» 253
 «Мен жазбаймын елеңді ермек үшін» 93
 «Мен сәлем жазамын» 217
 «Менсінбеуші ем нағанды» 138
 «Мәз болады болысың» 81
 «Назарға [«Мынау келген Назар ма»] 65
 «Не іздейсің, көділім, не іздейсің» 143
 «Нұрлы аспанға тырысын ескенсің сен» 237
 «Ойга түстім, толғандым» 252
 Оспанға [«Жайнаған туын жырылмай»] 148
 Оспанға [«Кешегі Оспан»] 149
 Оспанға [«Кешегі Оспан арасы»] 194
 «Осы қымыз қазаққа» 244
 «Өзегеге, көндім тоярсың» 117
 «Өкінішті кеп өмір кеткен етіп» 53
 «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» 63
 «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» 178

- «Өлсем орным — қара жер сыз болмай ма» 226
«Патша құдай, сыйындым» 39
- Разақта [«Мына үйде отыр Рazaң»] 211
Рахымшалға [«Сұлу аттың көркі — жал»] 207
«Сабырсыз, арсыз, еріншек» 55
«Сап, сап, көндім, сап, көндім» 16
«Сағаттың шықылдағы емес ермек» 202
Сегіз аяқ [«Алыстан сермен»] 85
«Сея мені не етесің» 98
«Сенбек жүртқа, тұрса да қанша мақтап» 214
«Соры қалың соққы жеген пышанамыз» 218
«Сүйсіне алмадым, сүймедім» 235
«Сүм дүние тонаң жатыр, ісің бар ма» 225
«Сәулед болса кеуденде» 91
- «Тайра міндік» 127
«Талай сез бұдан бұрын кел айтқағымын» 172
«Тоты құс түсті көбелек» 246
«Тұғызған ата-ана жоқ» 199
«Тұбінде баянды еңбек егін салған» 255
«Тұлпардан тұттыр сәбас шабылса да» 409
- «Ұяламын дегені көзіл үшін» 241
«Фзули, Шәмси, Сәйхали» 10
Шәріпке [«Гүңлікбайдың қатыны атың Шәріп»] 13
«Шекпәрдай кекілі бар, қамын құлақ» 44
«Кузи — рәушан, көзі — гәүнәр» 9.
«Ысытқан, сұытқан» 152
«Ішім өлген, сыртын сау» 75

МАЗМУНЫ

ӨЛЕҢДЕР.

1855—1881

| | |
|--|----|
| («Иузи — рәушан, көзі — геүхар») | 9 |
| «Фзули, Шәмси, Сәйхали» | 10 |
| Әлифби елеңі | 11 |
| «Кім екен деп келіп ем түйе құған» | 12 |
| Шәріпке («Тұңлікбайдың қатыны атың Шәріп») | 13 |
| Абраялаға («Мен жасымнан кеп көрдім») | 14 |
| Жақсылыққа («Аяғыңды аңдал бас, ей, Жақсылық») | 15 |
| «Сап-сап, көндім, сап, көндім» | 16 |

1882—1885

| | |
|---|----|
| «Қансонарда бүркітпі шырады аңға» | 18 |
| «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» | 20 |
| «Қандай қызыда ләззат бар жан татпаған» | 21 |
| «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» | 22 |

1886

| | |
|---|----|
| «Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек» | 23 |
| «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» | 25 |
| «Қыран бүркіт не алмайды, салса бантап» | 27 |
| + «Қалың елім, қазағым, қайран жұртыйм» | 28 |
| «Байлар жүр жиган малын қорғалатып» | 29 |
| «Кеңлім қайтты достан да, дүшпаннан да» | 30 |
| «Адасқаның алды — жөн, арты — соқпақ» | 32 |
| «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық» | 33 |
| «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» | 35 |
| «Патша құдай, сыйындым» | 39 |

| | |
|---|----|
| «Базарга, қарал тұрсам, әркім баар» | 40 |
| «Фылым таптай мақтанба» | 41 |
| «Шоқпардай кекілі бар, қамыс қулақ» | 44 |
| Жаз («Жаздықун шілде болғанда») | 46 |
| «Интернатта оқып жүр» | 48 |
| Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды») | 51 |
| Көжекбайға («Жамантайтың баласы Көжек деген») | 52 |
| «Өкінішті кеп өмір кеткен етіп» | 53 |

1887

| | |
|---|----|
| «Сабырсыз, арсыз, еріншек» | 55 |
| Көжекбайға («Бетен елде бар болса») | 58 |
| «Өлең — сөздің патшасы, сез сарасы» | 63 |
| Назарға («Мынау келген Назар ма») | 65 |

1888

| | |
|---|----|
| «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол» | 66 |
| Күз («Сур бұлт түсі суық қаптайты аспан») | 68 |
| «Қараша, жел тоқсанмен сол бір екі ай» | 69 |
| Қыс («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды») | 71 |
| Күлембайға («Ұғалайқұмұссәләм») | 72 |
| Көкбайға («Бұралып тұрып») | 73 |
| «Желсіз тұнде жарық ай» | 74 |

1889

| | |
|--|-----|
| «Ішім өлгөн, сыртым сау» | 75 |
| Күлембайға («Болыс болды мінекі») | 76 |
| «Біреуден біреу артылса» | 80 |
| «Мәз болжады болысың» | 81 |
| «Білімдіден шыққан сез» | 83 |
| Серіз аяқ («Алystan сермен») | 85 |
| «Сәуледі болса кеуденде» | 91 |
| «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» | 93 |
| «Әдүэлде бір суық мұз — ақыл зерек» | 95 |
| «Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол» | 96 |
| «Кор болды жаңым» | 97 |
| «Сен мені не етесің» | 98 |
| Жігіт сезі («Айттым сөлем, қалам қас») | 101 |
| Қызы сезі («Қыстырып мақтайсыз») | 103 |

| | |
|--|-----|
| «Білектей арқасында әрген бұрым» | 105 |
| «Қажымас дос халықта жоқ» | 106 |
| «Жастықтың оты, қайдасың» | 107 |
| «Жарқ етпес қара көnlіm не қылса да» | 108 |
| «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» | 109 |
| Қара қатынға («Қара қатын дегенге қара қатын») | 110 |

1890

| | |
|--|-----|
| «Бай сейілді» | 111 |
| «Ем таба алмай» | 112 |
| «Келдік талай жерге енді» | 115 |
| «Өзгеге, көnlіm, тоярысың» | 117 |
| «Кейде есер көnlіl күрүрың» | 119 |
| Жазытуры («Жазытуры қалмайды қыстың сыйы») | 120 |
| «Асқа, тойға баратұын» | 123 |
| «Ата-анаға көз қуаныш» | 125 |
| «Тайға міндік» | 127 |

1891

| | |
|---|-----|
| «Заман ақыр жастары» | 129 |
| «Көзінен басқа ойы жоқ» | 130 |
| «Жастықтың оты жалындаш» | 131 |
| «Қызырып, сурланып» | 133 |
| «Көзімнің карасы» | 135 |
| «Менсійбеуші ем наданды» | 138 |
| Жұмбақ («Алла мықты жаратқан сегіз батыр») | 140 |
| Жұмбақ («Қара жер адамзатқа болған мекен») | 141 |
| Жұмбақ («Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің») | 142 |

1892

| | |
|------------------------------------|-----|
| «Не іздейсің, көnlіm, не іздейсің» | 143 |
| «Жүргім, ойбай, соқса енді» | 145 |
| «Қайғы шыгар ілімнен» | 146 |
| Оспанға («Жайнаған туың жығылмай») | 148 |
| Осланға («Кешегі Оспан») | 149 |
| «Күлімсіред аспан тұр» | 151 |

| | |
|--|-----|
| «Ысытқан, сұытқан» | 152 |
| «Бойы бұлғаң» | 153 |
| «Жақсылық ұзак тұрмайды» | 155 |
| Баймагамбетке қатынының атынан шытарылған ({Ажының жақсы-ақ қызы едім}) | 156 |

| | |
|---|-----|
| «Антпенең тарқайды» | 157 |
| «Қарашада өмір тұр» | 159 |
| «Жас еспірім замандас қапа қылды» | 160 |
| «Рашықтың тілі — тілсіз тіл» | 161 |
| «Әсемдаз болма әр неге» | 162 |
| Ескілік киімі ({Ойланып ойға кеттім жүз жылдың откен}) | 163 |
| Әбдірахман науқастаның жатқанда ({Я, құдай, бере кер}) | 164 |
| Әбдірахманға ({Алланың рахматын}) | 167 |
| Әбдірахманға Көкітай атынан хат ({Тілім, саған ай- тайни}) | 168 |
| Әбдірахманға Көкітай атынан хат ({Көзімнің нұрында}) | 170 |
| Қыздарға ({Қойдан қодыр, жылқыдан торы Бекед}) | 171 |

| | |
|--|-----|
| «Талай сез бұдан бұрын кеп айтқанмын» | 172 |
| «Аш қарың жұбана ма майлы ас жемей» | 173 |
| «Балалық өлді, білдің бе» | 175 |
| «Лай суға май бітпес қой еткенге» | 176 |
| «Өлсе әлер табигат, адам елмес» | 178 |
| Әбдірахман өлгендеге ({Аргы атасы қажы еді}) | 179 |
| Әбдірахман өлгендеге ({Кешегі еткен ер Әбіш}) | 180 |
| Әбдірахман өлгендеге ({Тұла бойың ұят, ар едің}) | 181 |
| Әбдірахман өліміне ({Жиырма жеті жасында}) | 182 |
| Әбдірахман өліміне ({Талаптың мініп тұлпарын}) | 184 |
| Әбдірахманға ({Орынсызды айтпаған}) | 185 |
| Әбдірахман өлген соң езіне айтқан жұбату ({Бермеген құлға, қайтесің}) | 186 |
| Әбдірахманың әйелі Марыншқа айтқан жұбату ({Жыла- ғавды тоқтатып}) | 188 |

| | |
|---|-----|
| Әбдірахманның әйелі Мағышқа шығарып берген жоқтау («Айналайын құдай-ау») | 190 |
| «Кешегі Оспан ағасы» | 194 |
| Баласы өлтөн анаға шығарып берген жоқтау («Көз жүм- ғанша дүниеден») | 195 |
| «Махаббат, достық қылуға» | 197 |

1896

| | |
|---|-----|
| «Малға достық мұны жоқ, малдан басқа» | 198 |
| «Тұғызған ата-ана жоқ» | 199 |
| «Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында» | 200 |
| «Сағаттың шықылдағы ёмес ермек» | 202 |
| «Көңіл құсы құйқылжыр шартарашқа» | 203 |
| «Адамның кейбір кездері» | 205 |
| «Нек ала бұлт сөгіліп» | 206 |
| Рахымшалға («Сұлу аттың көркі — жал») | 207 |
| Қатыны мей Масақбай («Сырмақ қызы астына») | 208 |
| Күйісбайға («Дүғай сәлем жазамын Күйісбайға») | 209 |
| Дүйсенқұлға («Саудайы-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып») | 210 |
| Разаққа («Мына үйде отыр Разақ») | 211 |

1897

| | |
|--|-----|
| «Нек тұман — алдындағы келер заман» | 212 |
| «Сенбе жұртқа, тұрса да қаша мақтап» | 214 |
| «Алла деген сөз жеңіл» | 215 |
| «Құр айғай бақырган» | 216 |
| «Мен сәлем жазамын» | 217 |
| «Соры қалың соққы жеген пышанамыз» | 218 |
| Ғабидоллаға («Жазғытырым қылтиған бір жауқазын») . | 219 |
| «Құлақтан кіріп бойды алар» | 220 |
| «Ерекше естен кетпес, қызық қайдада» | 221 |

1898

| | |
|---|-----|
| «Болды да партия» | 222 |
| «Күаты оттай бүркүрап» | 224 |
| «Сұм дүние тонағ жатыр ісің бар ма» | 225 |
| | 300 |

| | |
|--|-----|
| «Өлсем орным — қара жер сыз болмай ма» | 226 |
| «Жүректе қайрат болмаса» | 227 |
| Жаманбаланың баласы өлгендеге | 228 |
| «Күн артынаң күн туар» | 229 |
| «Ауру жүрек ақырын согады жай» | 230 |

1899

| | |
|---|-----|
| «Есінде бар ма жас күнің» | 231 |
| «Жүргім менің — қырық жамау» | 232 |
| «Адам бір — боқ кетерген боктың қабы» | 233 |
| «Күшік асырап, ит еттім» | 234 |
| «Сүйсіне алмадым, сүймедім» | 235 |
| Дұтбайға («Жылуы жоқ бойының») | 236 |
| «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» | 237 |

1900

| | |
|------------------------------------|-----|
| «Жүргім, иені сезесің» | 238 |
| «Келедеке басын ұзартып» | 240 |

1901

| | |
|---|-----|
| «Ұяламын дегені көңіл үшін» | 241 |
| «Жапырағы қуәрган ескі үмітпен» | 242 |
| «Қуандандар жастықда» | 243 |
| «Осы қымызы қазаққа» | 244 |
| «Бұйынсыз тілің» | 245 |

1902

| | |
|---|-----|
| «Тоты құс түсті кебелек» | 246 |
| «Алланың өзі де рас, сезі де рас» | 247 |
| «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас» | 249 |

1903

| | |
|-------------------------------------|-----|
| «Жалын мен оттан жаралып» | 250 |
|-------------------------------------|-----|

Жылды белгісіз өзендер

| | |
|---|-----|
| «Домбырага қол соқпа» | 254 |
| «Ойға түстім, толғандым» | 252 |
| «Мен боламын демеңдер» | 253 |
| «Ғалымнән надан артпас үққанменен» | 254 |
| «Түбіндес баянды еңбек егін салған» | 255 |
| «Әйелің — Медет қызы, аты — Өрім» | 256 |
| «Бестегім, құтылдың ба Қөтібақтан» | 257 |
| «Жол көрмек, жоба білмек, жиһаң көзбек» | 258 |

ПОЭМАЛАР

| | |
|--|-----|
| Ескендір | 263 |
| Масгұт | 268 |
| Әзім әңгімесі | 274 |
| Ескірген және шет тілдерден енген сөздерге түсінік | 287 |
| Шыгармалардың алафавиттік көрсөткіші | 291 |

АБАЙ

(Ибраһим Күнанбаев)

СОЧИНЕНИЯ В ДВУХ ТОМАХ

ТОМ ПЕРВЫЙ

Стихи и поэмы

(В казахском языке)

Редактор М. Жұмагалиев

Художник Н. Нұрмұханбетов

Художественный редактор Б. Табылдинев

Технический редактор Б. Карабасев

Корректор З. Тулегаева

ИБ № 2873

Терүтег 2.64.86 жіберілді. Басура қол қойылды 3.09.86. Калып 84×
Х100%. № 1 баспа қараш. Қаріп түрі «кәдімгі жаңа», Шығынды
басылыс. Шартты баспа табагы 14,3. Шартты болу келемі 15,0.
Есепті баспа табагы 10,1. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1179. Ба-
гасы 1 с. 30 т.

Казақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі
мемлекеттік комитеттің Халықтар достыры ордені «Жазушы» бас-
пасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Казақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі
мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфикалық касіпорындары
евдірістік бірлестігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қа-
ласы, Пастер кешесі, 41 үй,

1
1
1
1
1

Абай (Ибраһим Құнавбаев)

A13 Екі томдық шығармалар жинағы.— Алматы:

Жазушы, 1986

Т.І: Өлеңдер мен поэмалар 304 бет, суретті.

Ұлы ақын Абайдың асыл мұрасын мезгіл-мезгіл қайта-
дан жариялау — уақыт талабы, қауым тілегі. Абай сезін ар-
дақ тутатын оқырмандарға ақынның екі томдық шығарма-
лар жинағы жаңадан ұсынылып отыр. Бірінші том өлеңдер
мен поэмалардан тұрады.

Абай шығармаларының біржола орындаған, тұракты (ка-
нондық) текстін жариялау ісін Мұхтар Әуезов жүзеге асыр-
ған еді. Коллажыныздары екі томдық сол негізде дайындал-
ды. Тек соңғы басылымдарда қате басылған, жаңсақ кеткен
жекелеген сездерге ғылыми дәлелді тузетулер жасалды.

A 4702230100—189
402(05)—86 53—85

84 Қаз